

● ПРЕЗИДЕНТ

Елбасы Түрікменстан және Иран президенттерімен бірге «Өзен-Берекет-Гөрган» халықаралық теміржол магистралінің ашылу салтанатына қатысты. Ақияла стансасына келген Мемлекет басшыларына «Қазақстан – Түрікменстан – Иран» жаңа теміржол магистралі таныстырылды.

Сыр бойы



1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

6

ЖЕЛТОҚСАН
СЕНБІ

2014 жыл
№180-181 (18874-18875)

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТИ

www.syrboyi.kz

ҚАЗАҚСТАН ПАРСЫ ШЫҒАНАҒЫНА ШЫҚТЫ



Мемлекет басшыларының бірлескен мәлімдемесі барысында сөйлеген Нұрсұлтан Назарбаев жиналғандарды теміржол құрылысының аяқталуымен құттықтады. – Біз жолдың қазақстандық бөлігін бытыр Түрікменстан Президенті Гурбангулы Бердымұхамедовпен бірге салтанатты түрде іске қостық. Енді бұл магистраль үш елді жалғайтын болады, – деді Елбасы. Мемлекет басшысы халықаралық магистральді іске қосу өңір экономикасы үшін жаңа перспективалар ашатынын айтты. – Біздің мемлекеттерімізде өңірлік нарық пен Азия нарығына бағдарланған өндірістің маңызы артады, – деді Нұрсұлтан Назарбаев. Сонымен қатар, Қазақстан Президенті біздің республиканың теміржолдары арқылы

бүкіл өңір Ресеймен және Қытаймен экономикалық ынтымақтасу мүмкіндігіне ие болатынын еске салды. Түрікменстан Президенті Гурбангулы Бердымұхамедов өз кезегінде жаңа теміржол магистралінің өңірдегі елдер үшін зор экономикалық және әлеуметтік мәні бар екенін айтты. – 7 жыл ішінде орасан жұмыс атқарылды. Енді бұл жол тату көршілестік пен достық қарым-қатынастардың өркендеуі мен нығаюына қызмет ететін болады, – деді Түрікменстан Президенті. Иран Ислам Республикасының Президенті Хасан Рухани өңір елдерінің арасында ынтымақтастықты жолға қоюдың, өзара сауданы дамыту үшін қажетті жағдай жасаудың өзектілігіне тоқталды.

– Үш елдің арасында коммуникацияларды дамыту қажет. Бұл теміржол үш мемлекетті ғана жалғастырып қоймайды, сонымен қатар Парсы шығанағына, Ресей мен Қытайға шығар жолды қамтамасыз етеді, – деді Хасан Рухани. Бұдан кейін Түрікменстан мен Иранның шекарасында үш ел президенттерінің қатысуымен түйістіруші «алтын төсемді» қою рәсімі өтті. Ал Иран тарапына өткеннен кейін мемлекет басшылары ұшжақты кездесу өткізіп, оның барысында жаңа көлік магистралінің стратегиялық маңызын атап көрсетті. Мемлекет басшылары сауданы жандандыру бағыттарын анықтайтын, сондай-ақ көлік-логистика саласындағы өзара іс-қимылдың болашағын зерделейтін жұмыс тобын құруға уағдаласты.

● «ЕЛБАСЫ ЖОЛЫ» КИНОЭПОПЕЯСЫ

Бейсенбіде Н.Бекежанов атындағы қазақ музыкалық драма театрында «Қазақфильм» киностудиясында түсірілген ҚР Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев жайлы «Елбасы жолы» киноэпопеясының жалғасы «Тығырықтан жол тапқан» көркем фильмінің көрсетілімі өтті. Тұсаукесер рәсімде фильмінің режиссері

Рүстем Әбірашов, продюсері Арман Асенов және фильмде Елбасының жары Сара Алпысқызының ролін сомдаған актриса Мәдина Есманова Сырдағы қалың көрерменге жылы лебіздерін арнап, Елбасының жетпісінші жылдардағы өмір жолын баяндайтын фильмді тамашалауға шақырды.

ТАҒЫЛЫМЫ МОЛ ТЫҢ ТУЫНДЫ

«Елбасы жолы» киноэпопеясының «Тығырықтан жол тапқан» атты толықметражды көркем фильмін тамашалауға облыс әкімінің орынбасарлары Нұржан Әлібаев, Серік Қожаниязов, Ғалым Әміреев, басқарма басшылары мен шығармашылық зиялы қауым, ардагерлер, студент жастар мен ақпарат құралдарының өкілдері, басқа да көрерменнің кең аудиториясы жиналды.

Сахна төріне ұжым мүшелері шығып, кинофильмнің түсірілу сәтінен естеліктер айтты. Кино және телевизия режиссері, Президенттің балалық шағы мен жастық жалыны туралы түсірілген көркем фильмдердің авторы Рүстем Әбірашов «Тығырықтан жол тапқан» атты көркем фильмді «Елбасы жолы» киноэпопеясының логикалық жалғасы болып табылатынын жеткізді.

«Қазақфильм» киностудиясында түсірілген жаңа картинаны жерлесіміз Р.Әбірашов күрделі жоба қатарына жатқызады. Ол үстіміздегі жылдың басында жаңа фильмінің сценарийін жазуды қолға алмас бұрын Елбасымен кездесіп, батасын алғанын, индустрия тақырыбындағы туындының 10 айдың ішінде түсірілгенін, мұндай күрделі тақырыпты қамтитын кинотуындының бірінші рет қысқа мерзімде түсіріліп отырғанын атап өтті.

Жаңа фильмінің тұсаукесері 1 желтоқсан күні Астанада Тұңғыш Президент күні мерекесінде өткені, оған Мемлекет басшы-



сы Нұрсұлтан Назарбаевтың өзі қатысқаны белгілі. Фильм режиссері жаңа кинотуындыны тамашалағаннан кейін фильмінің бас кейіпкерінің өзі де, өнерсүйер қауым да жоғары баға бергенін жеткізді.

«Тығырықтан жол тапқан» фильмін қызылордалықтар зейін қойып тамашалады. Жаңа картинада Мемлекет басшысы Қарағандыда партком хатшысы болып сайланып, үлкен саясатқа енді араласа бастаған

1971 мен 1977 жылдар аралығын қамтыған. Режиссер мұнда Нұрсұлтан Назарбаевтың Ұлт Көшбасшысына тән қасиеті қалыптасып, шыңдала түскен өмір жолының кезекті үзіндісін, жетпісінші жылдардағы үлкен портретін беруге талпынған. Онысы сәтімнен шыққан. Нақты адамдарға көмек көрсету үшін шынық іздеп, оны дәлелдеуге тырысқан адам туралы қызықты оқиға баяндалған

Дәуржан ЕЛУБАЕВ,
Бағдат ЕСЖАНОВ (сурет).

АЛТЫ ТҰРҒЫН ҮЙДІҢ ІРГЕТАСЫ ҚАЛАНДЫ

Бейсенбі күні Қызылордада 6 көпқабатты тұрғын үйдің іргетасы қаланды. «Қолжетімді баспана – 2020» мемлекеттік бағдарламасы аясында салынатын баспананы «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры қаржыландырмақ. Салтанатты шараға облыс әкімі Қ.Көшербаев, «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ басқарма төрағасы Болат Палымбетов қатысып, құрылыстың алғашқы іргетасын қалады.

– Қажетті қаражат бөлінді. Енді құрылысты сапалы салу керек. Істеріңізге сәттілік тілеймін. Алдағы уақытта құрылыстар қарқынды жүреді, сіздерге жұмыс та табылады, – деді облыс әкімі құрылысшыларға. Жаңа баспаналар 3.Шүкіров көшесінен бой көтереді. Алдағы екі жылда тұрғызылатын баспаның әр шаршы метрі 131 537,4 тенге шамасында болады. Нысанның бас мердігері «Дәнекер» компаниясының басшылығы құрылыс



жұмыстарын сапалы жүргізіп, баспананы уақытлы тапсыратынын айтты. – 6 тұрғын үйде 35 пәтерден болады. Оның 16-сы екі бөлмелі, 14-і үш бөлмелі, бесеуі төрт бөлмелі пәтер. Құрылысты салуға 250-ден аса адам жұмыс істейді. Сондай-ақ 40-50 техника жұмылдырылады. Нысанды келесі жылы желтоқсан айында бітіру жоспарланып отыр, – дейді мердігер компанияның атқарушы директоры Жоламан Спанов. Бүгінгі күні «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры Қызылордадан басқа Астана, Алматы мен Қарағанды, Шымкент, Ақтау және Өскемен қалаларында тұрғын үй құрылысының жобаларын іске асыруда. Ал, 2016 жылдың аяғына дейін елімізде қосымша 600 мың шаршы метрден астам тұрғын үйлер пайдалануға берілетін болады. Жалпы, облыста биыл салынған тұрғын үй өткен жылмен салыстырғанда 25 пайызға артып отыр.

Дәурен ОМАРОВ.

ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫ ЖӘНЕ ӘЛЕМДІК ӨЗГЕРІСТЕР

Сәрсенбі күні облыс әкімі Қырымбек Көшербаев Қорқыт ата атындағы ҚМУ студенттеріне «Әлем, Ел және Өмір дамуының басым бағыттары» деген тақырыпта дәріс оқыды. Жастардың азаматтық позициясын қалыптастыру, олардың болашаққа деген сенімін нығайту мақсатында өткен дәрісте еліміз бен әлемде болып жатқан өзгерістер, Қазақстанның және облыстың негізгі даму бағыттары сөз болды. Аймақ басшысы ең алдымен болашаққа бағдар жасай отырып, әлемдік тарихқа шолу жасады. Тарихтың түйінін тарқату барысында облыс әкімі жастарға кез келген саяси құбылыстар мен мызғымас болып көрінетін экономикалық байланыстардың табыан асты өзгеретіндігіне тоқталды. Сондай-ақ, әлемдегі күштердің ара салмағының құбылуы, экономикалық дәуірлердің келіп-кетуі ешқандай заңдылыққа бағынбайтын күрделі процесс екенін баса айтты. Бұған бірден-бір дәлел ретінде Бірінші дүниежүзілік соғыс зардабынан Еуропа құрлығының толықтай дерлік қирауы, Австрия-Венгрия, Ресей, Германия және Осман империяларының құлдымға кетуі мен бұған дейін әлемдік саясатта айтарлықтай салмағы болмаған АҚШ пен Жапонияның аяқ астынан зор державаларға айналуы және Кеңестер Одағының тарап кетуін келтірді. Ауқымды мәселені көтерген дәріс аясында, «ой орталықтары» дайындаған жаңа есептер мен болжамдарға да шолу жасалынып, одан түйген дүниені Қазақстан жағдайында қалай пайдалануға болатындығы тілге тиек болды.

2-бет

16 ЖЕЛТОҚСАН – ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ТӘУЕЛСІЗДІГІ КҮНІНЕ ОРАЙ ОБЛЫС КӨЛЕМІНДЕ ӨТКІЗІЛЕТІН МЕРЕКЕЛІК ШАРАЛАРДЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫ

6 желтоқсан – «Ауылым – алтын бесігім»
Ауыл шаруашылығы және азық-түлік өнімдерінің жәрменкесі. Сағат: 9.00 – Қызылорда қаласы, Токтыбаев көшесі (ескі базар аумағы).

8 желтоқсан – «Дені саудың – жаны сау»
«Дені саудың – жаны сау» барлық емханалардағы «Ашық есік» күндері. 1-8 желтоқсан аралығы – Қалалық емханалар.

9 желтоқсан – «Білімді мыңды жығар»
«ҰЕҰ-лар жұмысының айқындалығын арттыру және олардың қызметін жетілдірудегі көкейтесті мәселелер» атты конференция. Сағат 16.00. – М.Мәметова атындағы Қызылорда гуманитарлық колледжі.

10 желтоқсан – «Келісім»
Этномәдени бірлестіктердің кітап көрмесі. Сағат 10.00. – А.С.Пушкин атындағы қалалық орталық кітапхана.
«Венер без галстук» с презентациями молодежи различных этнокультур» тақырыбында этномәдени орталықтардың жастар қанаты өкілдерімен кездесуі. Сағат 15.00. – Облыстық жастар саясаты мәселелері басқармасының мәжіліс залы.
«Салауатты өмір салты – ұлт денсаулығының кілті» атты отбасылық құндылықтарды насихаттауға бағытталған спорттық жарыс. Сағат 15.00. – «Сейхун» спорттық-сауықтыру кешені.

11 желтоқсан – «Ғылым»

«Ғылым және ақпараттық технология» тақырыбында білім, ғылым және инновация саласында жеткен жетістіктері бар өкілдермен кездесу. Сағат 15.00. – Қорқыт Ата атындағы ҚМУ-дың 5 оқу ғимараты.

12 желтоқсан – «Атамекен»
«Туған жерге тағзым» атты 1 облыстық жастар патриоттық форумы. Сағат 11.00. – «Бастау» бизнес орталығы.
«Тәуелсіз мемлекет құрудың қазақстандық моделі: жетістіктері және даму стратегиясы» ғылыми-тәжірибелік конференциясы. Сағат 11.00. – Студенттер сарайы.
М. Шоқай атындағы қазақ күресінен республикалық турнир. Сағат 12.00. – Шиелі спорт кешені.
«Елім менің» атты патриоттық әндер байқауы. Сағат 15.00. – Қорқыт Ата атындағы ҚМУ-дың №9 оқу ғимараты.
Дін мәселелеріне арналған республикалық конференция. Сағат 16.00. – Студенттер сарайы.

13 желтоқсан – «Мәдениет»
Облыс орталығы кітапханалары мен мұражайларда ашық есік күндерін ұйымдастыру. Сағат 10.00. – Облыстық кітапханалар мен мұражайлар.
«Қанатты әйел» облыстық кәсіпкер әйелдердің форумы. Сағат 11.00. – Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап кітапханасы.

14 желтоқсан – «Мейірім»

«Мейірімге толы қала» тақырыбындағы қайырымдылық акциясы. Сағат 15.00. – Қызылорда қаласындағы Сәбілер үйі.

15 желтоқсан – «Тарихи сабақтастық»

М. Ералиева атындағы мәдениет үйінде «Еліміздің еркіндігі тәуелсіздік» атты желтоқсан оқиғасына қатысушылармен кездесу кеші. Сағат 15.00. – Қызылорда қаласы, М.Ералиева атындағы мәдениет үйі.
«Тәуелсіз Қазақстан» залында «Тәуелсіздік тағылымы» тақырыбында экскурсия-сабақтар жүргізу. 15-22 желтоқсан аралығы. – Облыстық мемлекеттік мұрағат ғимараты.
«Тәуелсіз Қазақстан – тұңғыш ел» атты мерекелік салтанат. Сағат 16.00. – Н.Бекежанов атындағы музыкалық драма театры.

16 желтоқсан – «Тәуелсіздік»

Қызылорда, Байқоңыр қалалары мен аудан орталықтары алаңдарында мерекелік концерт. Сағат 10.00. – Қызылорда, Байқоңыр қалалары мен аудандардың орталық алаңдары.

20 желтоқсан

Мәнерлеп сырғанаудан ҚР чемпионаты. Сағат 12.00. – «Мұз айдыны» спорт кешені.

АЙМАҚ ЭКОНОМИКАСЫН ӘРТАРАПТАНДЫРУ АЙЫРЫҚША МАҢЫЗДЫ

Кеше облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың қатысуымен облыс әкімдігі жанындағы кәсіпкерлер кеңесі мен Өңірлік кәсіпкерлер палатасы кеңесінің бірлескен отырысы болып өтті. Онда аймақ басшысы кәсіпкерлерге арналған сөзін жеткізді.

– Кәсіпкерліктің дамуы Елбасының ұдайы назарында. Қоғамдағы тұрақтылықтың қалыпты болуы үшін орта буынның қалыптасқаны қажет. Сондықтан да орта және кіші кәсіпкерліктің еліміздің жалпы ішкі өнімдегі үлесін 50 пайызға жеткізу алда тұрған негізгі міндеттердің бірі болып отыр. Облыста кәсіпкерлік мәселесімен айналысатын басқармалар, бөлімдер жұмыс істейді. Кәсіпкерлік палатасы қалыптасты. Орта және шағын бизнестің дамуын қолдайтын Елбасының тиісті шешімдері қабылданды. Заңдарға өзгерістер енгізілді. Елбасының Қазақстан халқына арнаған «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты Жолдауы жарияланды. Елімізде инфрақұрылымды дамытуға 20 млрд. доллар бөлінетін болды. Сол қаржыны игеруге біздің кәсіпкерлер де атсалысуы тиіс.

Кәсіпкерлік саласының даму деңгейі бойынша біз республикада алда келеміз. Әйтсе де, көңіліміз толмайтын тұстар жетерлік. Біздің кәсіпкерлік нысандарының басым көпшілігі мұнай-газ

саласына сервистік қызмет көрсету, жол құрылысы, құрылыс саласы, күрші егістігі төңірегінде топтасқан. Экономикамыз интеграцияланған кезеңде өмір сүріп жатырмыз. Еуразиялық одақ жұмысын бастайды. Көрші мемлекетке салынып отырған санкциялардың салқыны тимей қалмайды. Дегенмен, мемлекетімізде қиындықтардың алдын алу бағытында жұмыстар жасалуда. Егер де экономиканы әртараптандыру басқа аймақтар үшін мемлекеттік бағдарлама саналса, ол біздің өңір үшін бірден-бір жол болып отыр. Одан басқа жол жоқ. Ал алдағы бес жылда аймақ экономикасының құрылымын өзгерте алмасак, біз ештеңе істемеген болып шығамыз, ол келер ұрпақ алдында кешірілмес қателік жасаған болып саналады. Сондықтан мемлекеттік органдар бар, «Нұр-Отан» бар, кәсіпкерлік ұйымдар бар, кәсіпкерлік дамуы бағытында бірлесе отырып жұмыла жұмыс жасауға тиіспіз, – деген облыс басшысы облыстағы қолға алынған жобаларды алға бастыру мақсатында Қытай мен ағылшындар еліне іссапарға жол жүрмекші екенін

жеткізді. Қырымбек Елеуұлы мұнай өндіру көлемі кеми түскенмен өңірімізде газ қоры жеткілікті екенін айтты. Бірақ та газдың бағасы белгіленбегендіктен оны игеруге компаниялар мойын бұрмай отыр. Сол себепті қазір газдың бағасына қатысты Үкіметпен бірлескен жұмыстар жүріп жатыр. Облыс әкімі Еуразиялық одақ кезінде кәсіпкерлеріміздің бәсекелестікке дайын болуы қажет екенін еске салып өтті.

Отырыста Қызылорда облысының кәсіпкерлер палатасының жұмысы туралы палата директоры Руслан Досмаханов есеп берді. Ол келесі бағыттар бойынша жұмыстар жүргізіліп жатқанын келтірді. Бірінші, кәсіпкерлерді құқықтық қорғау, екінші, консультативтік-сервистік қолдау, үшінші, бизнесті дамытуға оңтайлы жағдай жасау үшін талдау жұмыстарын жүргізу, төртінші, облысмен инвестициялық жобаларын сүйемелдеу және бесінші бағыт аламы капиталды дамыту болып отыр. Кәсіпкерлікті құқықтық қорғау бағыты аясында бүгінге дейін кәсіпкерлердің 133 өтініші қаралып, оның 108-і немесе 81 пайызға оң шешімін тапты, қалғандары қаралауда. Бизнесті дамыту үшін қолайлы жағдай жасау және әкімшілік кедергілерді азайту мақсатында Үкіметке 400 ұсыныс

берілсе, оның 21-і біздің облыстан берілген. Р.Досмаханов есепті мерзімде жалпы құны 1,7 млрд. теңгенің 75 бизнес-жоспары әзірленгенін атап өтті. Қазіргі күні Индустриалды-инновациялық даму бағдарламасы аясында картадан тыс жобалардың жүзеге асыру барысына мониторинг жүргізілуде. Реестрге бүгінге дейін жалпы құны 197,5 млрд. теңгенің 104 жобасы енгізілген.

Өңірлік кәсіпкерлер палатасы кеңесінің төрағасы Асқар Махамбетов кездесуде кәсіпкерлікті дамытуға қатысты ойларын ортаға салды. Ол әсіресе құрылыс компанияларының заман ағымына ілесіп алмай отырғанын тілге тиек етті. Осы орайда бизнестік құрылымдардың бірігуінің маңызы зор екенін атап өтті.

Бірлескен отырыста кәсіпкерлер тарапынан бірқатар ұсыныстар айтылды. Облыс әкімі ол ұсыныстарды қолдап, оны жүзеге асыру үшін орынбасары Серік Қожаниязов пен бірқатар басқарма басшыларына нақты тапсырмалар жүктеді. Соңынан Кәсіпкерлікті қолдау және дамыту мәселелері бойынша өзара ынтымақтастық пен іс-қимыл туралы Қызылорда облысының кәсіпкерлер палатасы мен Қызылорда облысының әкімдігі арасында меморандумға қол қою рәсімі болды. Меморандумға облыс әкімі Қ.Көшербаев пен Палата директоры Р.Досмаханов қол қойды.

Ы.ТӘЖІҰЛЫ.

ЖҮРЕКТЕН ШЫҒЫП ЖҮРЕККЕ ЖЕТКЕН

Елбасы Н.Назарбаевтың «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты Қазақстан халқына арналған кезекті Жолдауында білім саласына байланысты көтерілген мәселелер еліміздегі күллі ұстаздың көкейінен шықты деп ойлаймын. Оның бірі апатты әрі үш ауысымда оқылатын мектептердің жай-күйі болды. Республика жұртын алаңдатқан осындай білім ұяларын жыл көлемінде жою міндетінің қабылдануы көңілге қуаныш ұялатады. Жолдауда бюджеттен қосымша 70 млрд. теңге бөлуі қажеттігін баса айтты.



Биылғы Жолдауда білім және ғылым саласына ерекше көңіл бөлінді. Ендігі біздің бір мақсатымыз – ел-жұрт болып жұмылып болашаққа талпыну, іздену. Білім мен ғылым жолында аянбай еңбек ету қай-қайсымыздың да парызымыз деп білеміз. Өйткені, болашақта білім мен ғылымға, жастардың білім алуына ерекше жағдай жасалауда.

Президентіміздің бұл Жолдауы шын мәнісінде жүректен шығып – жүректерге жол тапқан айқын бағдар болып табылады. Бүгінгі ұстаздардың алдында тұрған басты міндет – оқушының ұлттық сана-сезімін

оятып, тәрбиелеп қана қоймай, оның бойына халықтық педагогиканы, ғасырлар бойы қалыптасқан тілін, ұлттық тәрбие мен салт-дәстүрді сіңіру.

«Кітапсыз білім жоқ, білімсіз күннің жоқ» деген қағида қай кезеңде де маңызын жойған жоқ. Дүниетану, өмірге деген көзқарастың қалыптасуы тек қана біліммен келетіндігі сөзсіз. Оның үстіне ХХІ ғасыр – білім ғасыры. Біз білім мен ғылымның бүкіләлемдік биіктеріне ұмтылу арқылы ғана жаяндалуға қол жеткіземіз. Сондықтан ғылым мен білімнің дамуына қызмет ету баршамыздың абыройлы міндетіміз. Мемлекет білім беру саласын дамытуға, жас ұрпаққа заман талабына сай сапалы білім беруге барлық жағдай туғызуда. Жыл сайын заманауи үлгідегі мектептер мен балабақшалар тұрғызылып, оқу-тәрбие мекемелерінің материалдық-техникалық базасы нығайтылуда. Сонымен қатар облыс әкімшілігі тарапынан ұстаздарға жағдай жасалауда. Оның бір көрінісін облыс әкімінің грант иегерлері – миллионер ұстаздардың қатарының көбеюінен көреміз. Олардың қатарында біздің мектептен Д.Жұматаева, Л.Фаизова мен А.Қиясова бар.

Сонымен қатар, бұл Жолдауда қазақстандық жалпыұлттық идеология «Мәңгілік Ел» ұлттық идеологиялық бағдарламасы аясында елдің тұтастығы мен бірлігі, татулығы мен тыныштығы ең басты назарда болатынын хабарлар етті. Сондықтан да жастарымызды болашаққа отаншылдық рухта тәрбиелеуіміз қажет. Жас жеткіншектеріміздің бойына елімізді келешекте, жарқын болашақ күтіп тұрғанына сендіре білу, патриоттық қалыпта тәрбиелеу біздің басты міндетіміз болып саналмақ.

Ләйлә ҚОЖАНИЯЗОВА,
№23 мектеп-лицей директоры.

КӘСІПКЕРГЕ КЕШЕНДІ ҚОЛДАУ

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев 2015 жылға арналған дәстүрлі Жолдауын жолдады.



Орта және шағын бизнесті дамытуға бағытталған жеңілдетілген несиелер, 2014-

Елбасы бұл Жолдауында бұған дейінгі жолға қойылған реформаларды ілгері бастырып, әлеуметтік саланы қолдау және халықтың әлеуетін арттыру, жастарға жағдай жасау секілді көптеген стратегиялық қадам жасауды алға қойып отыр. Оның сыртында ел өміріне жаңа технологияларды кеңінен енгізіп, инновациялық жаңалықтарды етене қолдануымыз қажет.

Қазақстан халқының алдына үлкен мақсат пен үкіметке міндеттелген тапсырмалардың мүддірсіз орындалуын талап еткен Елбасы Жолдауы үлкен толғанысқа жетелеп, өмірлік қадамдарға серпін берді.

БІЛІМ САЛАСЫНДАҒЫ БАТЫЛ БЕТБҰРЫС

Жыл сайынғы Елбасы Жолдауын республика жұртылығы асыға күтеді. Себебі, бұл маңызды құжатта тауу мерзімде жүзеге асырылатын игі шаралар нақтыланып, болашаққа деген нық сенім, көңілге нұр-шуақ ұялатады. Биылғы 2014 жылғы 11 қарашадағы “Нұрлы жол – болашаққа бастар жол” атты Елбасы Жолдауы да қазіргі жаһандық өзгерістер мен дағдарыстарды дөп басып, одан шығар жолдар мен даму перспективаларын ашық та айқын көрсеткен.

Аталмыш Жолдауда да білім беру ісін жандандыру секілді мәселеге айрықша мән берілген. Бұл орайда апатты мектептер мен үш ауысымда оқыту мәселелерін оңтайлы шешу жолдары, ол үшін қыруар қаржы бөлу қажеттігі айтылған. Сондай-ақ жас маман мұғалімдерді қолдау, алдағы жылы ұстаздар еңбекқакысын көбейту мәселелері дағдарысқа карамастан өз шешімін табатыны қуантады.

Елбасы Жолдауын жан-тәнімізбен құптай отырып, алдағы уақытта келешегіміз – жас ұрпаққа сапалы білім беруді жақсарту, әсіресе ғылымдар ата-сы – математика пәнінің қыр-сырын терең үйрету жолында аянбай еңбек ете бермекпін. Осылайша Елбасы Жолдауында нақты іспен жауап беру – барша қазақстандықтардың абыройлы парызы мен міндеті деп білемін.

Мария МЫРЗАҚИЕВА,
№35 И.Тоқтыбаев атындағы мектеп-лицейдің математика пәнінің мұғалімі,
Сырдария ауданы.

Жақында Сырдария ауданында Елбасының “Нұрлы жол – болашаққа бастар жол” атты Жолдауын талқылауға арналған аудан активінің кеңейтілген жиыны болып өтті. Келелі басқосуда аудан әкімі Ғ.Қазантаев сындарлы құжаттың мәнағынасына жан-жақты тоқталып, осыдан туындайтын міндеттерді саралап айтты.

– Елбасы өзінің Жолдауында қайсыбір салаға болмасын баса назар аударып, осыған қатысты нақты міндеттер қойды. Нақтылай айтар болсақ, көлік, энергетикалық индустриялық және әлеуметтік инфрақұрылым мен шағын және орта кәсіпкерлікті өркендетуге баса мән берілген. Елбасы атап айтқандай, әлемдік тәжірибедегі дағдарыс жағдайында экономиканың дамуына елеулі үлес қосатын салаларға мейлінше қолдау жасалмақ, – деген аудан әкімі Елбасы Жолдауындағы жеті бағыттың әрқайсысына жеке-жеке тоқталып, алдағы уақытта аудан аумағында атқарылуға тиісті ауқымды шараларды сарапқа салды.

Экономиканың қарқынды дамуының қозғаушы күші – шағын және орта бизнесті дамыту. Алдағы жылы кәсіпкерлік саласына 100 млрд. теңге несие берілемек. Демек, аудан кәсіпкерлері осы қаржыдан өз үлестерін алу жолдарын қарастыруы қажет.

Тереңөзек кентінде индустриялық аймақ құру үшін тиісті инфрақұрылым болуы қажет. Жолдауда айтылғандай, көлік инфрақұрылымына келетін болсақ, ау-

банкі, Еуропа қайта құру және даму банкі Дүниежүзілік банк есебінен ШОБ үшін кредиттік желіні тиімді түрде қолдану қажет», - деді Нұрсұлтан Назарбаев.

«Нұрлы Жол – болашаққа бағыт» Жолдауында. Президент Ұлттық қор қаражаты есебінен жасанған және орта бизнесті қолдау бағдарламасына сұраныстың ұсыныстан асып кеткенін де айтты өтті.

Осы орайда, Елбасымыздың алға қойған мақсаттары мен тапсырмаларын елімізді дамыту мен кемелдендіру үшін әрбір қазақстандық азамат аянбай еңбек жасау қажет деп ойлаймын.

Р.НЫСАНХАНОВ,
Қызылорда облысының кәсіпкерлер палатасының Шиелі ауданындағы филиал директоры.

РИЗАШЫЛЫҒЫМЫЗ ШЕКСІЗ

Соңғы жылдары Сыр өңірінде экономикалық тұрғыдан ғана емес, руханият саласында да серпілістер байқалады. Алыс ауылдардағы мәдениет ошақтарына барышша жағдай жасалып, ел өнерпаздарының еңсесі көтеріліп келеді. Бұл әрине, облыс басшылығының тікелей қамқорлығының арқасында жүзеге асып жатқан жақсылықтар.

Биыл қазыналы Қазалы өңірі үшін ерекше жыл болды. Күзгі жиын-терім аяқталған қоныр күзде еліне ес, жауына сес болған батыр, көреген әулие Жанқожа бабамыздың 240 жылдық мерейтойы атап өтілді. Облыс орталығында батырдың еңселі ескерткіші бой көтерді, баба ерлігін әйгілейтін шаралар Қазалы ауданында да жалғасын тапты. Еліміздің түкпір-түкпірінен жиналған меймандар батыр мерейтойының мінсіз ұйымдастырылуына ризашылығын білдіріп аттанды.

Ел қорғаған батыр рухын асқақтатқан шараларды ұйымдастыруға қолдау танытқаны үшін облыс әкімі Қырымбек Елеуұлы Көшербаевқа өңірдегі мәдениет пен өнер өкілдері шынайы алғысын жеткізеді.

Орақ БАУБЕКОВ,
КСРО мәдениетінің үздігі,
ҚР мәдениет қайраткері,
күйші, композитор.

ЖОЛДАУ ЖАРҚЫН ІСТЕРГЕ ЖЕТЕЛЕЙДІ

салаға байланысты қойған тапсырмаларына орай ауданда балабақша жетіспеушілігі бар екендігін айтып, жекеменшік балабақша үлесін көбейтуге тапсырма берді. Сондай-ақ, үш ауысымда жүретін және апаттық жағдайда деп танылған мектептер мәселесі де толықтай шешімін таппақ.

Актив жиынында аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Х.Әбенов, “Мағжан және К” ЖШС директоры Д.Ералиев, “Сырдария ауданы әйелдері” қоғамдық бірлестігінің төрайымы Ұ.Жанәліева, аудандық “Жас Отан” жастар қанатының хатшысы Е.Жақыпқовтар сөз алып, Елбасы Жолдауында айтылған жарқын істерді жүзеге асыруға бірікпесідей бірлікпен жұмыла кірісетіндіктерін жеткізді.

Елбасының “Нұрлы жол – болашаққа бастар жол” атты Жолдауына байланысты актив жиыны Жалағаш ауданында да болып өтті. Жиында аудан әкімі Т.Дүйсебаев сөз алып, Жолдаудың жарқын бастамаларын жүзеге асыруға жұмыла кірісуге шақырды.

Жиында сала басшылары мен кәсіпкерлер сөз алып, Жолдаудың жарқын істерге жігерлендіретіндіктерін жеткізді.

Е.АҚҚАЛҒУЛЫ.

МҮЛІКТІ ЖАРИЯ ЕТУДЕГІ ЖАРИЯЛЫЛЫҚ

Аралдағы мүлікті жария етуге рахымшылық жасауға байланысты өткен жиыннан зор әсер алдық. Мұнда облыстық қаржы басқармасы басшысының орынбасары Р.Құдайбергенов қала, кент, ауылдық округ әкімдері, кәсіпкерлер, ардагерлермен кездесті. Мәжілісте көптеген келелі пікірлер айтылды. Сондай-ақ Арал ауданы әкімінің орынбасары Мұхтар Оразбаев, аудандық қаржы бөлімінің басшысы Көбейсін Қыздарбеков жұртшылықтың сауалдарына толыққанды жауап айттарды. Жан-жақты түсіндірме жасады.

Жалпы мүлікті жария еткенде ұтарымыз қайсы, қаншалықты маңызы бар деген сұрақ оқырмандарымызды мазалауы әбден ықтимал. Біз осы ойымызды Арал аудандық қаржы бөлімінің басшысы Көбейсін Қыздарбековке білдірген едік.

Байырғы кәсіби маман тосылған жоқ. Пікірлесу сәтінде біраз жайтқа көз жеткіздік. Шараны жүргізуге байланысты елімізде «Қазақстан Республикасы азаматтарының, оралмандардың және Қазақстан Республикасында ықтиярхаты бар тұлғалардың мүлікті жария етуіне байланысты оларға рақымшылық жасау туралы» Заңы қабылданғаны белгілі. Мүлікті жария ету мерзімі келесі жылдың соңына дейін белгіленген.

Соған орай ақша, бағалы қағаздар заңды тұлғаның жарғылық капиталына қатысу үлесі, оған құқық немесе ол бойынша мәмілелер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік тіркеуге жататын, басқа адамға рәсімделген жылы-жымайтын мүлік, құрылыс нормалары мен қағидаларына сондай-ақ өздері орналасқан, жария ету субъектісіне меншік құқығында тиесілі жер учаскесінің нысаналы мақсатына сәйкес келетін, Қазақстан Республикасының аумағында тұрған үйлер (құрылыстар, ғимараттар), Қазақстан Республикасы аумағының шегінен тыс жерлерде тұрған жылжымайтын мүлік жария етуге жатады. Ал жеке адамға, отбасына және көмекетке толмағандарға, адамның және азаматтың конституциялық және бостандықтарына, бейбітшілікке және адам қауіпсіздігіне, мемлекеттің конституциялық құрылысының негіздері мен қауіпсіздігіне, меншікке, ақпараттық технология-

лар қауіпсіздігіне коммерциялық және өзге де ұйымдардағы қызмет мүдделеріне, қоғамдық қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіпке, халықтың денсаулығына және имандылыққа, басқару тәртібіне, сот төрелігіне және жазаларды орындау тәртібіне қарсы қылмыстарды жасау, экологиялық, көліктік, әскери қылмыстарды сыбайлас жемқорлық, құқық бұзушылықтар мен қылмыстарды сондай-ақ мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы өзге де қылмыстарды, экономикалық контрабанда саласындағы қылмыстарды жасау, жалған ақша мен бағалы қағаздар жасау және өткізу жалған құжаттарды, мөрлерді, бланкілерді, мемлекеттік наградаларды қолдан жасау, дайындау немесе өткізу, инсайдерлік ақпаратты заңсыз пайдалану және бағалау қағаздар нарығында айла-шарғы жасау нәтижесінде алынған мүлік жария етуге жатпайды.

Оған қоса сұхбат барысында сот тәртібімен оған құқықтар дауаланып жатқан: Қазақстан Республикасының заңдарында оған құқықтар беруге қол берілмейтін мүлік; кредиттер ретінде ақша; мемлекет пайдасына берілуге жататын мүлік; құрылыс бюджет қаражаты есебінен аяқталған жылжымайтын объектілеріндегі тұрғын және тұрғын емес үй-жайлар жария етуге жатпайтынын жеткізді.

– Мүлікті жария ету процесі Арал ауданы әкімдігінің қаулысымен құрылған арнайы комиссияға жария ету субъектілерінің құжаттарын өткізу арқылы жүргізіледі. Комиссия құрамы жергілікті атқарушы және де тиісті уәкілетті органдардың өкілдерінен қалыптастырылған. Қазіргі таңда қабылданған заңды орындау мақсатында Арал қаласында, елді мекендерде мүлікті жария ету науқанының өткізілуі жөніндегі билбордтар орналастырылуда. Аудандық “Толқын” газетінде менің «Мүлікті жария етуге байланысты рақымшылық жасау» атты мақалам жарық көрді. Мемлекет басшысының бастамасымен жүргізіліп жатқан бұл шараға аудан тұрғындарының кең көлемде қатысулары қажет, – дейді Арал аудандық қаржы бөлімінің басшысы Көбейсін Қыздарбеков.

Түйгеніміз, бұл бағытта Аралда қозғалыс байқалады.

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ,
Арал ауданы.

ҚАДАМЫ ҚАРЫШТЫ ҚАЗАЛЫ

Өне-міне дегенше жылқы жылы да аяқталып қалды. Әрбір жылдан ерекше үміт күтетініміз де рас. Оған қоса өткенге көз жүгірту, барды бағамдап, табысты таразылау қалыптасқан дәстүр. Бұл жолы да сол үрдісті ұстандық. Жыл аралығындағы жетістіктерді, алдағы меже-міндеттерді оқырманның ой таразысына салуды жөн санадық. Газет тілшісінің Қазалы ауданының әкімі Бақыт Жахановпен сұхбаты осы бағытта өрбіген еді.

– Елбасымыздың «Алдымен экономика, сонан соң саясат» деген ұстанымы елді талай биікке жеткізді. Биылғы “Нұрлы жол” атты Жолдауында алдағы 7 бағытты белгілеп берді. Осыған орай аудан экономикасының биылғы көрсеткіштері мен алдағы міндеттерді саралап өтсеңіз...

– Елбасының әр Жолдауының саяси-экономикалық маңызы бар. Биылғы құнды құжат та әлемдік дағдарыс жағдайындағы ел дамуының кілті болды. Ауданның әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері қалыпты жағдайда дамып келеді. 2014 жылдың 10 айында өнеркәсіп өнімі 8311,7 млн. теңгені құрады. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 14,3%-ға артық дегенді аңғартады. Өңдеу өнеркәсібінде өнім өндіруде де ілгерілеушілік бар. Бұған тамақ өнімдерін өндіру, машина жасау саласындағы қызмет, резенке және пластмаса өнімдерін өндірудегі өнім көлемінің өсуі әсер етті. Мәселен, тамақ өнеркәсібінің өнімі 3578,7 млн. теңгені құрады. Оның ішінде «Рза» АҚ-ның ағымдағы жылдың 10 айында өндірген сүт өнімдері 471,2 млн. теңге болса, есепті мерзімде «СПК Қызылорда Балық» ЖШС 375,1 млн. теңгенің өнімін өндірді. Резенке және пластмаса бұйымдарын өндіру бойынша «Асыл-Ғани», «Құрылыс материалдарын жабдықтау басқармасы» ЖШС Қазалы филиалдарының құрылысқа қажетті пластикалық бұйымдарын дайындауы да, машина жасау саласында көрсетілген қызмет пен өндірілген өнім көлемі де көңіл көншітеді. Сонымен қатар «Қазалы локомотив жөндеу зауыты», «Қазалы вагон жөндеу депосы» ұжымы да еселі еңбек етуде. Айта кетерлігі «Қазақстан Республикасының Үдемелі индустриялық-инновациялық даму жөніндегі 2010-2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» аясында аймақтық үйлестіру кеңесіне жалпы құны 4016,44 млн. теңге құрайтын 20 жоба ұсынылған еді. Оның ішінде 2 жоба аймақтық индустрияландыру картасына енгізілсе, 15 жоба толық іске қосылды. Нәтижесінде 188 жаңа жұмыс орны ашылды.

2014-2015 жылдары жалпы құны 1232,4 млн. теңге болатын 12 жоба ұсынылып, түрлі өнім өндіретін цехтар пайдалануға берілді деп күтілуде. – Қазалыда шағын және орта бизнестің қарқынды дамығаны әркімге аян. Ендеше осы саланың биылғы белесі қалай болды?

– Елбасымыздың Жолдауында шағын және орта бизнес пен іскерлік белсенділікті қолдау бойынша жұмысты жалғастыру қажеттілігі баса айтылған. Бұл біздің де назарымызда тұрақты болуға тиісті. Ауданымызда кәсіпкерлік саласы жақсы дамыған деп айтуға негіз бар. Оны төмендегі көрсеткіштерден көруге болады.

Нақты кезеңде ауданда 7 сауда базарына қоса қоғамдық тамақтану орындары, мейрамхана, сауда нүктелері, тұрмыстық қызмет көрсету, қонақ үйлер, өзге де әлеуметтік нысандар халыққа қызмет жасайды. Алдағы уақытта тағы да бірқатар халыққа қызмет көрсету орындары, қонақ үй, элиталық монша-сауна, сауда орталықтарын ашу жоспарлануда. Біздің алдымызға қойып отырған кезек күттірмейтін мәселе халықтың өзін-өзі жұмыспен қамту жайы. Бұл ретте шағын және орта бизнесті дамыту арқылы жаңа экономикалық саясатты жүргізу болып табылады. Яғни, жаңа тын бизнес жобаларға қолдау көрсетуді жалғастырамыз.

Қазіргі таңда бұл бағытта жұмыстар жүргізілуде. Жергілікті тауар өндірушілердің тауарларын дөңсезіз өткізу арқылы халыққа қызмет көрсету көлемін ұлғайту үшін аудан орталығынан «Сауда-логистикалық орталық салу» жобасы қолға алынды. Бұл жобаға Өйтеке би кентінің орталығынан көлемі 2,05 гектарды құрайтын жер учаскесі белгіленді. Инвестициялық жобаны жүзеге асыру межеленуде. Аталған жер учаскесінен «Қазалы Жолаушы» ЖШС жаңа үлгідегі автобекет құрылысын салып, ел игілігіне берді. Тұрғындарға сауда, тұрмыстық қызмет көрсетуге арналған «Сенім-Табиғат» серіктестігінің жалпы құны 500 млн. теңгелік «Көпсалалы ауыл шаруашылығы өнімдері қоймасы мен сауда орталығын салу» жобасы бойынша жоба-сметалық құжаттары дайындалуда. Аумағы 7461,0 шаршы метр болатын қос қабатты нысанда 1000 тонналық өнім сақтау қоймасы, азық-түлік, тұрмыстық заттар сату орындары топтасады. Ірі сауда кешендерінің желілерін орналастыруға «Small», «Sulrak», тағы басқа сауда орталықтарының жетекшілерімен алдын-ала келісім жасалды. Аталмыш жоба өңірлік үйлестіру кеңесінде мақұлданып, оң қорытынды алды.

«Сауда-логистикалық орталықта» жергілікті тауар өндірушілердің өндірген өнімдерін тікелей сату үшін «Рза» АҚ, «Сыр маржаны», «СПК Қызылорда Балық» ЖШС сауда үйлерін салуды жоспарлап отыр. Онан бөлек «Сауда-логистикалық орталық» жанындағы «Нұрас және К» серіктестігіне қарасты жер учаскесіне «Көтерме сауда қатарлары мен қызмет көрсету орындары» түсетін болады. Аталған жобалар жүзеге асқанда 100-ге тарта адам жаңа жұмыс орнымен қамтылады. Алдағы уақытта «Сауда-логистикалық орталық» жобасы бойынша жер учаскесіне қажетті инфрақұрылыммен



қамтамасыз етуге жоба сметалық құжаттарын мемлекеттік сараптамадан өткізуге аудандық бюджеттен қаржы бөлу көзделуде.

Атқарылған шаруалар баршылық. Дегенмен, әлі де жұмысты жандандыра түсуге тиістіміз. Оған біздің зор әлеуетіміз бар деп есептеймін. Жолдауда айтылғандай, шағын және орта бизнеске және ірі кәсіпкерлікті дамытуға 100 млрд. теңге жеңілдетілген несие берілмекші. Біздің міндетіміз – аудан кәсіпкерлерінің осы қомақты қаржыдан бәрі-барынша үлес алу жолдарын қарастыру.

– Ауыл шаруашылығын әртараптандыру, мал тұқымын асылдандыру күн тәртібінде тұрғаны белгілі. Бұл бағытта қандай жұмыстар қолға алынып жатыр?

– Дұрыс айтасыз. Соңғы жылдары елімізде көптеген ауқымды жобалар жүзеге асуда. Бұл Қазалыға да тән көрініс. Ағымдағы жылы аудандағы ауылшаруашылығы дақылдарының егіс көлемі 17930 гектарды құраса, күріш 7435 гектар жерге себілді. Сондай-ақ, жаздық бидай, арпа, тары, мал азығы дақылдары, көкөніс, бақша өнімдерінің де шығымы жақсы болды. Егін шаруашылығында тұқым сорттарын жаңарту, машина-трактор паркін жетілдіруде біршама жетістіктерге жеттік. Нәтижесінде дихан қауымы күріштің өнімді “Янтарь”, “Новатор”, “Элита” сорттарын екті. Күріш тұқымын жанартуға байланысты «Рза-Агро» ЖШС базасында тұқым шаруашылығы құрылды. Биылғы жылы 28 дана әртүрлі ауыл шаруашылығы техникасы сатып алынды. Егіс алқаптарында «Джон-Дир» және «KLASS» маркалы қуатты комбайндар, дән сепкіштер жұмыс жасалды. Бұл өз кезегінде еңбек өнімділігінің артуына сүбелі үлесін қосты.

Енді төрт түлікке тоқталсақ. Салалда мал басының өсуі бар. Өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда төл есебінен көбейгені аңғарылады. Ауданда «Сыбаға» бағдарламасының сыйын көріп отырғандар баршылық. Биылдың өзінде үш шаруа қожалығы 24,5 млн. теңге несиеге асыл тұқымды бұқалар, аналық сиырлар сатып алуын соның айғағы.

Аудандық мәслихат депутаты Мінажидін Өтеев басқаратын «Сыр маржаны» серіктестігі көпшілікке жақсы танымал. Серіктестік нетізінен егін егіп, мал өсірумен шұғылданады. Өрі нәтижесіз емес. Мал шаруашылығын дамыту мақсатында құны 335 млн теңгені құрайтын «500 бас мал бордақылау» алаңын салу жобасын игеруге кірісіп кетті. Жоба «ҚазАгроҚаржы» АҚ Қызылорда филиалы арқылы қаржыландырылуда. Нақты кезеңде құрылыс жұмыстары басталды. Толық іске асқанда жылына 220 тоннадан астам ет өндіріп, 16 адам жұмыспен қамтылады. Тиісті инфрақұрылыммен жабдықтауға жоба сметалық құжаттары әзірленіп, облыстық кәсіпкерлік және туризм басқармасына ұсынылды. Соған сәйкес 500 бас ірі қараға арналған қоралар, ветеринарлық, мал сою пункті, шөп сақтау қорасы бой көтермекші. Қазір жұмысшыларға арналған тұрғын үйлердің құрылысы салынып, қоршау жүргізілуде.

– “Елдің өркенін білгін келсе, жолына қара” деген бар ғой. Елбасы Жолдауында жол сапасына баса мән берілген. Бұл мәселеге Қазалыда қаншалықты көңіл бөлінуде?

– Тіршілік үшін аса маңызды «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» көлік дәлізінің 96 шақырымы біздің ауданның бойымен өтеді. Сондықтан көлік логистикасын дамытуда бұл жолдың орны ерекше. Елді мекендердің аудан орталығына көлік қатынасын ретке келтіру алғашқы кезекте тұр. Аудан меншігіндегі 402 шақырым аудандық маңыздағы автомобиль жолының 31 пайызы ғана жақсы және қанағаттанарлық жағдайда. Турасына көшсек, жол мәселесі әлі де қалыпты емес. Дегенмен, бұл қиындықтан шығудың жолдары қарастырылуда. Яғни, жол жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Биыл батыр бабамыздың мерейтойы аясында көптен бері қаржылық шешімі табылмай келген Жанқожа батыр ауылына кіреберіс 3,2 шақырым жолдың түйіні тартатылды. Ауыл халқының қуанышында шек жоқ. Онан өзге Бозкөл-Тасарық және Қожабақы-Аранды автожолдарын қайта құру жобасын бастауға қаржы қаралып отыр. Алдағы уақытта автомобиль жолдарын қайта жаңғырту, күрделі және орташа жөндеу жұмыстары жалғастырылады. Оған қомақты қаржы қажет. Сондықтан кезең-кезеңімен атқару межеленуде. Аудандық маңыздағы жолдардың мәселесін шешу мақсатында республикалық, облыстық бюджеттерден қаржыландыруға құны 1734 млн. теңге болатын, барлығы 89 шақырымды құрайтын 10 жоба ұсынылды. Қазіргі таңда 4 жоба бойынша жұмыс жүргізілуде. Оның ішінде екі жобаның жер учаскесі алына, қалғандарының жерге орналастыру жұмыстары нақтыланып, құжаттары әзірленуде.

– Елбасымыз көңіл бөлген саланың бірі –

индустриялық инфрақұрылымды дамыту екені анық. Бұл төңіректе қандай қадамдар жасалуда?

– Аудан бойынша жаңа өндіріс орындарын ашып, шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту мақсатындағы «Өндірістік аймақ» ұйымдастыру жобасы бойынша Өйтеке би кентінің солтүстік-батыс беткейінен 3 жер учаскесі зерттеліп белгіленді. Бірінші кезекте 12,7 га жердегі учаскені инфрақұрылыммен қамтамасыз етуге 159,7 млн. теңге қаржы бөлініп, тиісті жұмыстар аяқталды. Аудан кәсіпкерлері тарапынан 11 жобаны іске асыру бойынша шаралар атқарылуда. Транспорттық-логистикалық және индустриялық инфрақұрылымдар электрмен қамтамасыз ету жүйелерін қалпына келтірмейінше іске асыру мүмкін емес екендігі анық. Осы бағытта биылғы жылы «КРЭК» АҚ-на қарасты бас қосалқы стансасына қаржы бөлініп, қайта жаңғырту жұмыстары басталды. Сонымен қатар, Өйтеке би кенттің 5-квартал аумағында РП-10 электр жүйесінің құрылысы салынууда. Қазіргі таңда осы аймақтың тұрғындары орталық аурухана аймағындағы электр тарату қондырғысы арқылы қамтамасыз етілуде. Жоғарыдағы жоба жүзеге асқаннан соң бас электр тарату қосалқы станциясы арқылы 5-квартал тұрғындары тұрақты әрі үздіксіз электр қуатымен қамтылатын болады. Аудан орталығы Өйтеке би кентінде халықтың өсу динамикасы жоғары деңгейде. Соған байланысты тұрғын үй аймақтары жаңадан ашылуда. Жаңа аймақтардан тұрғындарға жер учаскелері берілгеннен инженерлік инфрақұрылымдар жасасқалмаған. Дәлірегі, көшелерге автомобиль жолы салынбаған, ауызсу, көріз жүйесі құбырлары жүргізілмеген, электр желілерімен қамтылмаған. Осы түйінді шешуге өткен жылы кенттегі жаңа тұрғын үй аймақтарындағы көшелерді электрмен қамтудың 1-кезең жобасы әзірленді. Қаржыландыру мақсатында Ұлттық экономика министрлігіне тапсырылды. Ағымдағы жылы үш жоба дайындалып, облыстық басқармаға ұсынылды. Өрине мұндай қадамдармен ауданды электрмен қамтамасыз ету жайы толығымен шешілмейді. Елді мекендердегі электрмен жабдықтау қондырғылары әбден тозығы жеткен. Бұл тұрғындардың орынды ренішін туындатуда. Дегенмен, қол қусырып отырғанымыз жоқ. Аудандық бюджеттен бөлінген қаржыға кентке 6 дана трансформатор алынды. Қолданыстан шыққан көне қондырғылар жөндеуден өткізіліп, елді мекендерге берілді.

– Сөз тізгінін аудан тұрғындарын сапалы ауызсумен қамту жайына бұрсaq.

– «Ақбұлақ» бағдарламасы аясында аудан көлемінде соңғы бірнеше жылдар бойы ауқымды жұмыстар атқарылды. Қорытындысында елді мекендердің басым көпшілігі орталықтандырылған су құбырын пайдаланып отыр. 2013-2014 жылдары «Қазалы ауданы, Байқожа жергілікті су құбырының сумен қамту жүйесін қайта жаңғырту» жобасы жүзеге асырылды. Бөлінген қаржысы толығымен игерілді. Биылғы жылы осы жергілікті су құбырының екінші кезеңінің құрылысын салуға қаржы бөлініп, жобасметалық құжаттары әзірленуде. Жүзеге асқанда Байқожа насос станциясынан Өйтеке би кентіндегі №6 насос станциясы аралығындағы магистралды су құбыры жаңартылады. Ондай жағдайда «Арал-Сарбұлақ» топтық су құбырына резервтік су жүйесі қалыптасады. Келер жылдан бастап Қазалы қаласы мен Өйтеке би кентінің сумен қамту жүйелерінің құрылысын бастау межеленуде. Қосымша сервистік жүйемен қамтылмаған 10 елді мекендегі тұрғын үйлерге ауыз су жеткізу қолға алынады. Өткен жылы «Өйтеке би кентінің көріз жүйелерінің құрылысын салу жұмыстарының» жобасын әзірлеуге бюджеттен қаржы бөлініп, тиісті жұмыстар басталған еді. Қазіргі таңда жобалау жұмыстары аяқталуға жақын. Жоба әзірленгеннен кейін республикалық бюджеттен қаржыландыруға ұсынылмақшы. Жоғарыдағы жобалар іске асырылғанда тұрғындардың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайының жақсаруына, аудан орталығының санитарлық тазалығына, экологиялық ахуалына қолайлы әсерін тигізетін болады.

– «Өткенсіз келешек жоқ» деп жатамыз. Өзіңіз басымылық жасайтын Қазалы өңірінің тарихы тереңнен тамыр алатыны әммеге аян.

– «Әркімнің туған жері – өзіне жұмақ». Тұран ойпатын жайлаған қазалылықтарға сайын дала-сынан артық қоныс жоқ. Ата-бабасы мирастаған киелі топырақ мұндағы қабырғалы қауымға көзінің қарашығындай қастерлі. Өрі бұлжымақ қағида іспетті бұл сөзім ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келеді. Осынау өлкенің тұрғындары небір өткелден өтті. Бір сәт өңірдің шежіресінен сыр тартып көрейікіші. Қазалы аумағындағы «Өркендеу» ауылының маңында ескі Жанкент шаһарының орны жатыр. Оғыз дәуірінде Жанкент шаһары астана атанып шартарапқа шуағын шашты. Сән-салтанаты асты. Сауда-саттық қарқынады. Орайы түскенде тағамның дөмін кіргізетін ас тұзын Еуропаға тұңғыш тасымалдаған Жанкенттің саудагерлері екенін айту ләзім. Дерекке жүгінесек, ежелгі Селжүк (түрік) мемлекетінің көсемі Селжүк 935 жылы өзінің дүниежүзіне мәлім атақты жорығын сол кездегі оғыз қанатанының орталығы Жанкенттен бастайды. Ғалым Әуелбек Қоңыратбаевтың жазуынша Жанкентті мекендеген Жайылхан (қыпшақ) мен Сейілхан (түрікмен) кейін Сыр бойынан ығысады. Жанкент ханы шах Мәлік пен баласы Өлі батыстағы түрікмен тайпаларының қолынан мерт болады. Осылайша оғыз-қыпшақ ұлысының ыдырауы көрініс алады. Ел арасындағы аңыз әңгімелері, деректерге сүйенсек әулие Қорқыт баба осы ежелгі шаһарда ғұмыр сүрген. Мезгілінде әлемді тамсандырған Жанкенттің құлауы жайлы түрлі болжамдар ел арасында жеделдей еседі. Аңызда Жанкенттің билеушісі қатыгез Санжар хан Қарабұра әуліенің қарғысына ұшырап халқымен бірге ажал құшқаны баяндалады. Келесі деректе 1219 жылдың күзінде Жанкентке монғолдар шабуыл жасап, тұрғындарын қырып тастаған, қаланы түгелдей өртеп, отқа оранған



қаланың үстімен қаһарлы Жошы хан шауып өткен деседі. Қалай десекте, бұл атырапта сұлулықтың, адалдықтың теңдесі жоқ символы Бегім анамның, қасиетті қобызымен өлмес өмірді жырлаған Қорқыт бабаның есімдері өшпестей жазылған. Ұлылықты – ұлықтау ұрпақ парзы. Осы тұрғыда Жанкент қалашығын туристік нысан есебінде пайдаланудың алғышарттары жасалуда. Бұл келешектің еншісінде.

Сондай-ақ жуырда халық батыры Жанқожа Нұрмұхамедұлы бабамыздың 240 жылдық мерейтойын дүркіретіп атап өттік. Халықтың бабаға деген ықыласын тілмен жеткізу мүмкін емес. Бар шаруа онынан бітті. Қазалының табиғаты ерекшеленуі екенін білесіздер. Көктемі шұбалыңқы, қысы қытымырлау келеді. Ал той уақытында ауа-райы өте жылы болды. Өзгеше сезімге бөленді. Мұндай құбылысты жамағат баба рухының кереметіне балады. Бәлкім, тылсым дегеніміз осы шығар. Мерейтой қарсаңында кенттен Жанқожа батыр атындағы әулім мешіт пайдалануға берілді. Аудан орталығында, батырдың туған жері Жанқожа ба-

тыр ауылында көптеген тірліктер тындырылды. Той кезінде Өйтеке би кенті мен батыр атын иеленген елді мекенде мәдени-көпшілік шаралар атқарылды. Республикалық ақындар айтысы ұйымдастырылды. Қазақтың қашанда бөйге десе дөлебесі қозатыны анық. Жанқожа бабаның құрметіне орай өткізілген ат жарысына еліміздің түкпір-түкпірінен, көршілес республикалардан жүйрігін үкілеп әкеліп қосқандар болды.

Баба мерейтойы «Төртеу түгел болса төбедегі келеді» деген ұлағатты сөздің ұлылығын дәлелдеді. Ынтымағы берік, тату тірлігі жарасқан қазалылықтар Мемлекет басшысының «Мәңгілік Ел» болу жолындағы жасампаз істеріне әрдайым қолдау білдіреді. Жолдаудағы жаңа бастамаларды жүзеге асыруға атсалысу азаматтық парызымыз.

– Сұхбатыңызға рахмет.

Сұхбаттасқан
Жұмабек ТАБЫНБАЕВ,
Қазалы ауданы.

САН ҚЫРЛЫ САЛА ЖҰМЫСЫ

санмен емес, сапамен өлшенеді

Бүгінде халықтың әлеуметтік жағдайын көтеру, мүмкіндігі шектеулі жандардың өмір сүру сапасын жақсарту, тұрғындарды жұмыспен қамту мен олардың баспаналы болуы, сондай-ақ, жоғары білімді ұрпақ тәрбиелеу мемлекеттің алдына қойған ең басты міндеттерінің бірі. Елбасы Н.Назарбаев барлық Жолдауларында да осы ел әлеуетін арттыру мен экономиканы тұрақтандыруды үнемі назарда ұстап келеді. Әсіресе, әлеуметтік салаға ден қойып, түрлі бағдарламалар қабылдап, соның негізінде орындалуға тиіс маңызды міндеттерді жүктеуде. Осы ретте, аймақтағы бұл бағыттағы жұмыстардың барысы қалай? Бұл жөнінде облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы басшысы Жазира Жылқышиева әңгімелеп берді.

Республикалық статистика агенттігінің мәліметіне сүйенсек, ағымдағы жылдың екінші тоқсанында өңірдегі экономикалық белсенді халық саны 359,9 мың адамды құраған. Оның 341,8 мыңы жұмыспен қамтылып отыр. Биыл аймақта 9500 жаңа жұмыс орнын ашу көзделсе, бүгінде 9300 адам жұмысқа орналасқан. Оның ішінде 84 пайызы тұрақты қамтылып отыр. Нәтижесінде жұмыссыздық деңгейі 5,2 пайыздан 5 пайызға төмендеуде. Ал, жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі ағымдағы жылдың 10 айының қорытындысы бойынша 5,3 пайызды құрауда. Өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда сәйкесінше 1,8 пайызға төмендеген. Сала басшысының айтуынша, алда бұл деңгейді бұдан да төмендету мақсатында ауқымды жұмыстар жасалмақ. Сонымен қатар, бүгінде 28624 адам жұмыс іздеушілер ретінде тіркеліп, оның 11937-сі жұмысқа орналасқан. Бұлардың қатарында жазасын өтеп келгендер де бар. Мәселен, облыс бойынша жұмыссыздыққа тіркелген 135 жазасын өтеп келген азаматтың 41-і тұрақты жұмысқа, 39-ы қоғамдық жұмысқа, 6-ы әлеуметтік жұмыс орындарына қабылдануда. Екі азаматқа кәсіп ашу үшін «Жұмыспен қамту – 2020» бағдарламасы негізінде шағын несие бөлінген.

Қазіргі сәтте облыста әлеуметтік көмекке мұқтаж аз қамтылған отбасылар 64 мыңды құрайды. Биыл соның 2417-не атаулы әлеуметтік көмек, 8122 отбасына тұрғын үй көмегі берілсе, 54116 балаға 18 жасқа дейінгі берілетін жәрдемақы төленген. Осы секілді әлеуметтік қолдау жұмыстарынан оралмандар да назардан тыс қалып жатқан жоқ. Себебі, соңғы 3 жылда 219 оралман отбасы өңірімізге қоныс аударса, оларға заңға сәйкес әр түрлі әлеуметтік төлемдер төленген.

Оған қоса жұмысқа тұру, білім алу және бизнес ашу үшін көмектер көрсетілуде. Аймағымыз үшін маңызды болып табылатын осындай ауқымды мәселелер аясында мүгедектер мен мүмкіндігі шектеулі жандардың жағдайы да басты назарда тұр. Үкімет бұл ретте тиісті заңдар мен нормативтік-құқықтық актілер қабылдағаны белгілі. Яғни, олар зейнетақы және жәрдем-ақылармен қамтамасыз етілген.

– Бүгінгі күні өңірімізде 26 мыңнан астам мүгедек бар. Олардың өмір сүру сапасын жақсарту үшін жүйелі жұмыстар атқарылып жатыр. Біздің облысымыз алғашқылардың бірі болып мүгедектерге арналған кедергісіз орта қалыптастыру мақсатында Жол картасын қабылдады. Екі жыл ішінде оны жүзеге асыруға 6,5 млрд. теңге бөлінді. Өздеріңіз білетіндей, Елбасы өзінің Жолдауында мүмкіндігі шектеулі жандарды қоғамға бейімдеуді ерекше атап айтқан болатын. Бұл ретте, біз өз деңгейінде жұмыс жасап жатырмыз, – деді облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Жазира Жылқышиева.

Айта кетерлік жайт, облыстағы аталған мүгедектердің 683-і арнайы медициналық-әлеуметтік орындарда қызмет алса, 1033-і Талсуат елді мекенінде ашылған оңалту орталығында емделуде. Осындай кембағал жандардың емделу шаралары үшін облыстың емдеу-сауықтыру мекемелерінен 11 бөлме арнайы жабдықталған.

Жалпы биыл мүгедектерді оңалтуға, оларға әлеуметтік қолдау көрсетуге, санаторий-курорттық емделумен қамтамасыз ету мақсатында облыстық бюджеттен 238 млн. теңге қаржы қарастырылған. Оған кресло-арбалар, балдақтар мен тифло және сурдоқұралдар алынып, протезді-ортопедиялық көмек түрлері көрсетілуде. Сондай-ақ, жұмыспен қамту акциясының аясында мүмкіндігі шектеулі 800-ге жуық адам жұмыспен қамтылған. Мұның 455-і тұрақты орналасып отыр. Алайда, құқықтық тұрғыдан жұмысқа жарамды мүгедектерді жұмыспен қамтуда шектеу болмағанымен, жұмыс берушілердің көбі оларды жұмысқа қабылдаудан бас тартатын көрінеді. Дегенмен, мүмкіндігінің шектеулігіне қарамастан өзгелермен бірдей қарап, олардың еңбектенуіне мүмкіндік беріп отырған мекемелер де бар. Солардың бірі «УАД» ЖШС биыл үш мүгедекті жұмысқа қабылдаса, «Қызылорда су жүйесі» басшылығы 8 мүмкіндігі шектеулі жанды қатарларына қосқан. Аймақта кембағал жандарға қол ұшын беріп, әлеуметтік көмек көрсету мұнымен шектелмейді. Кәсіп ашамын деген мүгедек азаматтарға түрлі қолайлы жағдайлар жасалуда. Соның бір парасы «Жұмыспен қамту – 2020» бағдарламасы бойынша 45 азамат 90 млн. теңге несие алса, «Кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ арқылы 7 адам қайтарыссыз несиеге ие болуда. Бұдан бөлек, «Лукойл» компаниясы арқылы берілетін «Ақниет» әлеуметтік серіктестік жобасы негізінде несие ал-



ғандардың 13-і мүмкіндігі шектеулі жандар қатарынан.

– Мүгедектердің өз бетінше жұмыс жасап, кәсіп ашуы бағытында «Ұшқын» қоғамдық бірлестігінің атқарып жатқан жұмысы ауқымды. Өйткені, мүмкіндігі шектеулі балалардан құралған қоғам аз қамтылған отбасыларға, мүгедектерге қызмет көрсетіп келеді. Біз бұларға мемлекеттік тапсырыс арқылы 25 млн. теңге бөліп өз тарапымыздан қолдау көрсетудеміз. Мұндай қоғамдық бірлестіктерге алдағы уақытта да барынша қол ұшын созатын боламыз, – деген басқарма басшысы мүгедек балаларға қолдау көрсетуде үкіметтік емес ұйымдардың да атқарып отырған еңбегіне ерекше тоқталды.

– Бізде тірек қимыл аппараты бұзылған және психоневрологиялық патологиясы бар 126 мүгедек бала бар. Бұларға күндізгі стационар жағдайында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету жобасы бойынша мектеп жасына дейінгі балаларға арналған Арал, Жалағаш, және Қызылорда қаласында «Ұмай» сауықтыру және тәрбиелеу қайырымдылық үйі, Қазалы ауданы бойынша «Шапағат» мүгедек балаларды сауықтандыру орталығы» қоғамдық қоры, Шиелі ауданында «Алақай Нұр» мектеп жасына дейінгі балаларға арналған сауықтыру және тәрбиелеу қайырымдылық үйлері жұмыс жасайды. Қандай жағдай болмасын бүгініне шүкіршілік ете білетін мұндай жандарға қол ұшын беріп, олардың қоғамға барынша кірігіп кетуіне атсалысуда бұл ұйымдардың алатын орны ерекше, – деді Ж.Жылқышиева.

Белгілі болғандай, Елбасы Н.Назарбаев өзінің «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауында «мүмкіндігі шектеулі жандарға көбірек көңіл бөлу керек. Олар үшін Қазақстан кедергісіз аймаққа айналуы тиіс. Бұл өзіміздің және қоғам алдындағы парызымыз. Біз оларды белсенді өмірге тартамыз, олар тек жәрдемақы алып қана қоймайды, сонымен бірге, өздерін қоғамның мүшесі, пайдалы еңбеккер ретінде сезінетін болады» деп мүмкіндігі шектеулі жандардың жағдайын баса айтқан болатын. Осы орайда, мүгедек азаматтарға жасалып жатқан қамқорлық тұрғысынан өңіріміз үдеден шығып отыр деуге болады.

Жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының жүзеге асырып жатқан маңызды жобаларының бірі «Жұмыспен қамту – 2020» бағдарламасы. Мемлекеттік бағдарламаның бірінші бағыты инфрақұрылымдар мен тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты дамыту. Бұған республикалық бюджеттен 2,4 млрд. теңге қаралған. Бүгінде мұның 88 пайызы игерілген. Нәтижесінде 45 жобаны жүзеге асыру аясында 364 жаңа жұмыс орны ашылса, 7 ауылдық дәрігерлік амбулаторияның құрылысы салынды. Оған қоса, инженерлік инфрақұрылымды жөндеу мен елді мекендерді абаттандыру негізінде 38 жоба орындалған. Ал, екінші бағыт тірек ауылдарды дамыту мәселесі бойынша 1030 адамға несие беріліп, 1308 жаңа жұмыс орны құрылды. Сондай-ақ, 259 жас өз кәсібін ашып отыр. Мұнымен қатар, 851 адам кәсіпкерліктің негізінде оқытылып, білімін шыңдаған. Үшінші бағыт – жұмыс берушінің қажеттілігі шеңберінде оқыту және қоныс аудару арқылы азаматтардың жұмысқа орналасуына жәрдемдесу. Бұған 2,3 млрд. теңге қаржы бөлініп, мұның 84 пайызы игерілуде. Бұл бойынша кәсіптік даярлауға – 1004, қайта даярлау курстарына 515 адам жолдануда. Жалпы аймақта аталмыш бағдарлама жүзеге асырылғаннан бері 9007 адам оқу курстарына жіберіліп, оның 70 пайызы жұмыспен қамтылған көрінеді. Осы тұста айта кету керек, «Жастар тәжірибесі» де өз деңгейінде жүргізіліп келеді. Бағдарламаға 1800 азамат жолданды. Бұл көрсеткіш жоспардан артығымен 44 пайызға орындалып отыр. Яғни, тәжірибеден өткен жастардың 16 пайызы тұрақты жұмыспен қамтылуда. Биылғы жылдың енді бір жетістігі ретінде 8314 колледж түлектерінің жартысынан көбінің жұмыспен қамтылып, олардың 10 пайызының жоғары оқу орындарына түскенін айтуға болады.

Бағдарламаның маңызды тұсы халықты тұрғын үймен қамту. Бұл ретте Қызылорда қаласынан екі көппәтерлі қызметтік үй халыққа пайдалануға берілді. Демек, 328 бағдарламаға қатысушы жаңа үйге қоныс аударған. Осы орайда барлығы 1113 баспаналы болса, еңбекке жарамды азаматтар 533-ті құрауда. Бұл адамдардың 57,6 пайызы жұмыспен қамтылған.

Саладағы тағы бір ауқымды мәселе – облыста аймақтық портал құру және дамыту бойынша жұмыстар жүргізу. Бұл мақсатта 12,5 млн. теңге қаржы қарастырылған. Порталдың жұмыс жүзіміс берушілер мен жұмыс іздеушілердің жұмыс орындарын және бос жұмыс орындарын ұсынудағы қарым-қатынасы үшін бірыңғай платформа құруға бағытталды. Мұның нәтижесінде жастар еңбек нарығында жұмыспен қамтудың бірыңғай ақпараттық жүйесі арқылы жұмыс орындарын табуға мүмкіндік алмақ. Мұндай игі жұмыстар алдағы уақытта да өз жалғасын табатын болады.

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ.



АҚПАРАТ ӨКІЛДЕРІНЕ ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ



Сәрсенбі күні облыс әкімдігінің мәжіліс залында облыстық ішкі саясат басқармасы мен “Самұрық” инновациялық идеяларды дамыту орталығы” қоғамдық қорының ұйымдастыруымен Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 23 жылдығы мерекесіне орай республикалық және жергілікті бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерімен кездесу өткізілді.

Кездесуді ашқан облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Руслан Рүстемов желтоқсан айы еліміз үшін маңызды айтулы күндерге толы екенін атап өтті. Соның бірі, күні кеше еліміз Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күнін атап өтті. Алда ел Тәуелсіздігінің 23 жылдық мерекесі де келе жатыр. Ата-бабаларымыз ғасырлар бойы аңсап өткен осы Тәуелсіздік мерекесін кең көлемде насихаттау мақсатында “16 жұлдызды күн” деген айдармен

кең көлемдегі іс-шаралар жоспары белгіленді. Осы жылдар ішінде қол жеткізген жетістіктеріміз аз болған жоқ. Соның бастысы, Қазақстан өлем елдері арасынан өзінің орнын алды. Сөз жоқ, бұл Тәуелсіздігіміз бен Елбасының жүргізіп отырған салиқалы саясатының жемісі. Мұндай жемісті істер алдағы уақытта да өз жалғасын таба берері де анық.

Тәуелсіздігімізді қалыптастыру мен оның құндылықтарын насихаттау, еліміздің әлемдік елдер арасында

бәсекеге қабілетті болуын насихаттауда бұқаралық ақпарат құралдарының алар орны ерекше. Бұл сала қызметкерлері еліміз Тәуелсіздігін алған күннен бастап өзінің міндетін зор абыроймен атқарып келеді. Әсіресе, журналистер қауымының мемлекет пен азаматтық қоғамды дамыту мен қалыптастыруда атқарып келе жатқан еңбектері орасан зор. Соның бастысы олар әрбір ақпаратты шынайы әрі жедел жеткізуге қол жеткізіп келеді. Осы орайда айта кету керек, тек соңғы жылдың өзінде Шығармашылық үйі пайдалануға беріліп, оның баспаханасы ашылды. Алдағы уақытта да осы қол жеткізілген жетістіктер жалғасын таба беретін болады.

Кездесу барысында басқарма басшысы бұқаралық ақпарат өкілдерін алда келе жатқан Тәуелсіздік мерекесімен құттықтап, бір топ журналистерді алғыс хатпен марапаттап, бағалы сыйлықтар табыс етті.

Өз кезегінде журналистер де өз лебіздерін жеткізіп, басқарма тарапынан ұйымдастырылып отырған осындай шараға ризашылықтарын білдірді.

А.АМАНЖОЛҰЛЫ.

ҮЛГІ КӨРСЕТКЕН ҮЗДІК КӘСІПКЕРЛЕР

Сәрсенбі күні қаладағы “Nomad Palace” қонақ үйінде “2014 жылы Қызылорда облысында шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту саласындағы жетістігі үшін” өңірлік көрме-конкурсы өткізілді. Оның жұмысына облыс әкімінің орынбасары Серік Қожаниязов қатысты.

– Елбасы жыл сайынғы Жолдауында шағын және орта кәсіпкерлік саласын дамытуға ерекше көңіл бөліп келеді. Соның бір көрінісі, Мемлекет басшысы жақында Қазақстан халқына арнаған “Нұрлы жол – болашаққа бастар жол” атты Жолдауында шағын және орта бизнесті сондай-ақ, ірі кәсіпкерлікті жеңілдікпен несиелеуге қосымша 100 млрд. теңге бөлу қажеттігін атап көрсетті. Бұл осы кәсіпкерлік саласына көрсетіліп отырған үлкен қолдау екені белгілі. Сондай-ақ, Елбасы кәсіпкерлік саласының үлесін 2050 жылға қарай ішкі жалпы өнімнің елу пайызына дейін ұлғайту қажеттігін де тапсырды, – делі С.Қожаниязов. – Сөз жоқ, мұндай істер біздің облыста да кең көлемде іске асырылуда. Соның бастысы аймағымыздағы кәсіпкерлік саласын мемлекеттік қолдаумен қатар облыс басшылығы тарапынан да көп көмектер көрсетіліп келеді. Айналып келгенде, мұның барлығы облысымызды әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан дамытуға бағытталып отыр. Сондықтан да кім қандай кәсіп ашамын десе, ол қолдаудан қағажу қалмайды. Кәсібін ашқан адам өзінің отбасын асырайды. Сонымен қатар қосымша жұмыс орындарын ашуға да үлес қосады. Қалай айтқанда да, еліміздің, соның ішінде облыстың дамуына үлес қосатын кәсіпкерлік саласына қолдан келген бар көмек көрсетіле береді.

Жалпы бұл күні конкурста елуден астам кәсіпорын қатысты. Олар арнайы өткізілген көрмеде өздері өндірген өнімдерін көпшілік назарына ұсынды.

Шара барысында облыс әкімінің орынбасары С.Қожаниязов конкурста қатысқан кәсіпкерлерді “Үздік кәсіпкер әйел”, “Үздік кәсіпкер отбасы”, “Үздік жас кәсіпкер” және “Қызмет көрсететін үздік кәсіпорын” номинациялары бойынша арнайы дипломмен марапаттап, бағалы сыйлықтар табыс етті.

Айгүлі ҚАРАБАЛАЕВ.

Еліміздің уран өндіруде әлемдегі алғашқы сатыда екендігі белгілі. Атом энергиясының көзі болып табылатын бағалы металды өндірудегі бастама ел әлеуетінің арта түскендігі мен қай салада болса да, алдыңғы орыннан көрінетін қарымын байқатса керек. Ел өркендеуінің сенімді тетігі заманауи үрдіске сай жаңа технологияны тиімді пайдалана білуі нәтижесі екендігіне де шек келтіре алмайсыз. Оған сенім нық. Дегенде осы жетістіктерге өнеркәсіпшілермен бірге сервистік қызмет көрсететін үлестес мекемелердің күнделікті тынымсыз іс-әрекетінің де қосар үлесі аз емес екендігін айту қажет.

– Бүгінде табысты жұмыс істеу үшін барлық қажетті жағдайлар жасалған. Өкімшілік реформа жүргізілді, Үкімет пен атқарушы биліктің жаңа құрылымы жұмыс істеуде. Әр министр не істеу керек екенін біледі. Біз басқарудағы қосарланушылық пен қажет емес буындарды жойдық. Өкімдер өкілеттіліктің қажетті деңгейіне ие болды. Өңірлерде бәрі бар – бағдарламалар, ресурстар, қаржы құралдары. Әркім өз жұмыс учаскесі үшін жауап береді. Тек білекті сыбанып, іске кірісу қажет, – деп атап көрсетті Мемлекет басшысы өзінің жуырдағы «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты халыққа арнаған Жолдауында. Расында, қай кезде де жетістік белгіленген жұмыстарды жауапкершілікпен орындауға байланысты болмақ. Бұл қоғам дамуымен қатар елдің әлеуметтік жағдайының көтерілуіне ықпал етеді. Осы талап тұрғысында еңбек етіп, жақсы нәтижелер көрсетіп жүрген құрылымдар қатарында облысымыздың оңтүстік аудандарындағы уран өндіруші компанияларға жүк тасымалы мен қайта өңдеу, жолаушылар тасымалдау барысында қызмет көрсетіп жүрген «Сауда-көлік компаниясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің «СКК-Шиелі» филиалын атауға болады. Аталмыш мекеме жоғарыда көрсетілген қызметтермен бірге жүк көтеру механизмдерімен қызмет көрсету, жер қазу және басқа жол құрылысы механизмдерімен қамтамасыз ету, тауарлық-материалдық құндылықтарды қабылдау, сақтау және жеткізу секілді өзге де көптеген жұмыстарды қамтамасыз етеді. Осы айтылғандарды нақты цифрлар арқылы оқырмандар назарына ұсынатын болсақ, өткен жылы жүк тиеп түсіру көрсеткіші мекемеде 612 тоннаға жуықтаса, жүк тасымалдау қызметі 63 млн. 330 мың тоннаға орындалған. Аталған көрсеткіштер мекеменің қызмет көрсету аясының жылдан жылға есе түскендігінен хабардар етеді. Бұл салыстырмалы есеп бойынша нақтыланған сандар.

Осы арада Елбасының маңызды құжаттағы бір сөзінен үзінді келтіре кетелік: «Қазақстандықтар салатын жаңа магистральдар біздің экономикамыз бен қоғамымызды жаңартады. Олар біздің еліміздің барлық түпкірлерін орталықпен берік байланыстырады. Жүк тасымалы жеделдейді және ұлғаяды. Ел арқылы тран-

зит көлемі артады. Біздің азаматтарымыз заманауи және сапалы автомагистральдармен жүріп, кез келген өңірге қауіпсіз және тез жететін болады. Әлеуметтік инфрақұрылым жақсарады, жаңа және заманауи мектептер мен ауруханалар жоғары сапалы қызметтер көрсетеді. Нәтижесінде ол әрбір қазақстандықтың әл-ауқаты мен өмір сапасында көрініс табады. Ал ең бастысы – осының бәрі болашақ ұрпақтың байлығы ретінде біздің жерімізде қалады». Бұл дәйектемеден алдағы міндет ауқымы тайға таңба басқандай анық көрініп тұр.

«Сауда-көлік компаниясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «СКК-Шиелі» филиалының биылғы жылдың алғашқы тоғыз айының жұмыс қорытындысына назар аударып көрелік, жүк өңдеу жұмыстары 435,7 мың тоннаға, яғни 100 пайызға орындалған. Оның 410,7 мың тоннасы өндіріске аса қажетті күкірт қышқылы екендігін ескерсек, бұл жұмыстардың барынша ұқыптылық пен сақтықты, бастысы үлкен жауапкершілікті қажет етерін байқар

дамуына тікелей қатыса отырып, негізінен келешекте кеншілер қалашығы болатын «Көкшоқы» ықшам ауданындағы жаңа типті сәулетті құрылыстардың бой көтеруіне зор үлесін тигізді. Және де негізінен құрылыс жұмыстарымен шұғылданытын НУС және СМУ-3 атты мекемелерімен бірлесе қызмет атқарды. Бұл жұмыстарға жергілікті тұрғындар қатарынан білікті мамандар қатыстырылып, болашақ маңызы бар мекеннің қалыптасуына әрқайсысы өз мүмкіндіктеріне қарай атсалысты. Бұл күндері кешегі жас мамандар, бүгінгі зейнет жасындағы ардагер азаматтар сол кездегі елге жасаған еңбектерін мақтанышпен еске алып, жастарға ұлағатты ой тастап, үлгі-өнеге көрсетіп отырады.

Көпшілікке белгілі тоқсаныншы жылдардағы қоғамдық құрылымдағы өзгерістер әсерінен кен өндіру барысында да ауыс-түйістер, мекемелердің құрамында да ірікілістер болғаны белгілі. Кейбірі қажетсіз болып тарап та жатты. Сол кездегі уақыт талабына

КӨЛІК ҚЫЗМЕТІ – ӨНЕРКӘСІП ДАМУЫНЫҢ БІР ТЕТІГІ

«Қазақстандықтар салатын жаңа магистральдар біздің экономикамыз бен қоғамымызды жаңартады. Олар біздің еліміздің барлық түпкірлерін орталықпен берік байланыстырады. Жүк тасымалы жеделдейді және ұлғаяды. Ел арқылы транзит көлемі артады. Біздің азаматтарымыз заманауи және сапалы автомагистральдармен жүріп, кез келген өңірге қауіпсіз және тез жететін болады. Әлеуметтік инфрақұрылым жақсарады, жаңа және заманауи мектептер мен ауруханалар жоғары сапалы қызметтер көрсетеді. Нәтижесінде ол әрбір қазақстандықтың әл-ауқаты мен өмір сапасында көрініс табады. Ал ең бастысы – осының бәрі болашақ ұрпақтың байлығы ретінде біздің жерімізде қалады».

едіңіз. Ал жүк тасымалының көрсеткіші осы мерзім аралығында 111,8 пайызға асыра орындалды. Жолаушылар тасымалы осы аталған есепті мерзім аралығында 96 пайызға орындалып үлгерді.

Оңтүстік Қазақстан мен Қызылорда облыстарындағы «Тау-кен компаниясы» және «Қазатомөнеркәсібі» Ұлттық Атом компаниясы» АҚ-на қарасты бірнеше кәсіпорынға қызмет көрсететін «Сауда-көлік компаниясы» серіктестігінің «СКК-Шиелі» филиалындағы жұмыс қарқынына аймақ ауқымындағы жолдардың қолайлығы оң әсер етіп отыр. Енді аталмыш мекеменің құрылу тарихына да аздаған шолу жасай кетелік.

Шиелі ауданындағы Оңтүстік, Солтүстік Қарамұрын уран кеніштерінде өнеркәсіп жұмыстары басталып, өнім өндіруге енді кірісе бастаған сексенінші жылдары қарымды техникалардың қажеттілігі сезіле бастады. Сондықтан да 1983 жылы №6 кен басқармасының құрамында 36 автотракторлық техникасы бар №4 «Автошаруашылығы мекемесі» құрылды. Одан бөлек аталмыш кен басқармасының құрамында көлік-қоймалық бөлімшесі де мол өнім алуға жұмылдырылды. Құрылған күнінен бастап №4 автошаруашылық пен көлік-қоймалық бөлімшесі №6 кен басқармасының қалыптасуы мен

сәйкес, автошаруашылық пен көлік-қоймалық бөлімшесі қызмет көрсету кәсіпорындарының құрамында қалып, 2001 жылдың 1 маусымнан бастап қайтадан №6 кен басқармасының құрамына кірді. Ал 2007 жылы «Тау-кен компаниясы» ЖШС мен «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ үлестес кәсіпорындарына қызмет көрсету аясының ұлғаюына сәйкес, №4 автошаруашылық пен көлік-қоймалық бөлімшесі «Сауда-көлік компаниясы» серіктестігінің «СКК-Шиелі» филиалының құрамдас бөліктері болып қайта құрылды және де Шиелі автошаруашылығы және қайта тиеу-түсіру базасы болып аталды. Мекеме «Қазатомөнеркәсіп» Ұлттық Атом Компаниясы» АҚ үлестес кәсіпорындары болып саналатын: «РУ-6», «Семізбай-У», «Бетпақдала», «Қаратау», «Ақбастау», «Аппак» компанияларына сервистік қызметтер көрсетуде басшылық тарапынан берілген сенімді мүлтіксіз орындап келеді деп айтуға толық негіз бар.

Қазіргі таңда «Сауда-көлік компаниясы» ЖШС «СКК-Шиелі» филиалында, жыл сайын заманауи құрылғылар және автотракторлық техникалармен жабдықталған қуатты өндірістік база жасақталған. Жұмысшы-қызметкерлер саны 434 адамға жетті.



колонна бастығы Мұхтар Албасов, теміржол учаскесінің бастығы Болат Жайынбаев, автошаруашылық басшысы Кожамбет Тобабабыловтар өз істерінің жетік мамандары.

«Бірлік бар жерде тірлік бар» демекші мақсатты жұмысқа ынтасымен берілген жұмысшы-қызметкерлері бар мекеме ауданның түрлі шараларына да белсене араласып, өз жәрдемдерін беріп отырады. Бұл орайда олардың туған жерге деген сүйіспеншілігі мен құрметі кейінгі жеткіншектерге үлгі екендігі анық.

Нұрмахан ЕЛТАЙ.
Шиелі ауданы.

Оның басымы жергілікті тұрғындар. Филиал балансында 196 бірлік автотракторлық техника бар, оның ішінде заманауи үлкен жүк көтеретін күкірт қышқылын таситын 12 Рено және 26 Shansy Sx5313gp3jyc, Tsq-5313quu автокөліктері жұмыс көлемінің артып, келісім шарттардың уақытылы орындалуына барынша септігін тигізіп келеді. Сондай-ақ, «Хюндай» және «Дәу» маркалы автобустар, «Хитачи» және «Хайдромек» маркалы жол құрылысы механизмдері де еңбек өнімділігін арттырады. Филиалда ТЭМ-2 маркалы 2 маневрлік локомотив және Мерседес-Бенц Унимог маркалы локомобилі кәсіпорынының кірме жолында маневрлік жұмыстар атқарады.

Кәсіпорында қауіпсіздік техникасы мен еңбекті қорғау, қоршаған ортаны қорғау және радиациялық қауіпсіздік мәселелеріне баса назар аударылады. Жұмысшыларға жұмыс орнында барлық әлеуметтік-тұрмыстық жағдайлар жасалып, олардың ұсыныс-сұраныстарына басшылық сергектік танытып отырады. Ұжым мүшелерінің, әсіресе жастардың спорттық және мәдени-көпшілік шараларға белсенді түрде қатысуы мерекелерде, даталы күндері үнемі ұйымдастылып келеді. Жұмысшылардың орташа айлық жалмақысы 138 мың теңге көлемінде.

Кәсіпорынға ұзақ жылдардан бері басшылық жасап келе жатқан Берік Қыдырбаев шоферлықтан бастап, директорлыққа дейінгі қызметке өзінің таза бейнетімен көтерілген азамат. Сондықтан мекемедегі әр маманның өз орнында дұрыс қызмет жасауын қадағалап, орындай алатын тапсырмалар береді. Талап та қатаң сұралады.

– Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты жуырдағы Жолдауымен жете танысып, ұжым мүшелерін арасында талқыладық. Ондағы айтылған әрбір сөз, келтірілген цифрлар өміршеңдігімен ойға түйілді. Алдағы





Еліміз Парламентінің депутаты болып белгілі бір деңгейде саяси салмағы бар тұлғалар сайланып жатады. Басқаша болуы тиіс емес десек те, мәжілісмендер біздің өміріміздің барлық саласындағы мемлекет саясатын анықтайтын заңдар қабылдауға қатысып, саяси мәселелердің оң шешімін табуына атсалысып келеді.

Ал аймақ сайланбалы органының барлық мүшелері өздері депутат болып мандатқа ие болғанға дейін көптеген қызылордалықтардың туындаған қиындықтарына қол ұшын созып келгені жасырын емес. Енді қазір ол халық қалаулыларының қабылдауы деп аталады. Онда сайлаушыларымен кездесіп, олардың талап-тілектерінің орындалуына атсалысады. Бұрынғымен мағынасы бір болғанымен, тек жауапкершілігі әлдеқайда көп.

Біз сайлаушылар өзіміз қалаған кандидату-рамызды облыстық мәслихатқа ұсынған кезде оған үлкен сенім артамыз. Сол сеніміміз аздай-ақ депутатымызға ол тегін орындауға міндеттідей етінішімізді үйіп-төгіп бере саламыз. Мұны облыстық мәслихат депутаттары жақсы түсінеді. Сондықтан олардың басым бөлігі депутат болуды армандағаны анық. Өйткені, оларды сайлауалды науқанында өздері азды-кем көмек

жасаған жанашыр жандар ұсынады. Себебі, сізді депутаттыққа ұсынғанда бойыңыздағы ұйымдастырушылық қабілетіңізге, өзгелердің мәселелерін шешуге жанашырлығыңызға көз жеткізген болатын.

Темірхан Өлімқұловтың облыстық мәслихаттың депутаттығына жету жолы жоғарыдағы сценарий бойынша өрілгенін жасыра алмаймыз. Ол Бәйгеқұм стансасында өмірге келген. Оның ата-бабалары осы жердің байырғы тұрғындары десек, оны аталмыш стансаға жақын маңда орын тепкен Бала би ауылының атауы растай түседі. Бұл ауыл Темірхан Өлімқұловтың ата-бабасының құрметіне осылай аталған.

Қазір бұл ауылда “СМП-Қызылорда” жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 900 орындық орта мектептің ғимаратын салуда. Ол құрылыс фирмасына аймаққа етене танымал Темірхан Өлімқұлов басшылық жасайды. Ал енді Бәйгеқұмға жиырма жылға шегініс жасайық. Сол кезде мұнда мектеп құрылысы басталған

жағдайды сонау тоқсаныншы жылдардың орта шеніндегі аудандық және облыстық бюджет мөлшерімен салыстырар болсақ, жылауға болар. Дегенмен, олай емес қой.

«Сақалды» құрылыстың жағдайы қанша толғандырса да, ақыры тұйықтан шығар жол табылды. Осы мектептің түлегі үлкен құрылыс құрылымын басқаратыны еске түсті. Сонымен, ауылдастар мектеп құрылысын бітіру үшін алғаш рет Темірхан Өлімқұловты депутат етіп сайлады. Демеуші емес, керісінше депутат. Оның өзінде және ол басқаратын компанияда мектепті пайдалануға беретіндей қаржы болмады. Бірақ ол мұны тез арада аяқтау керектігін жақсы түсінгенімен, соңғы үміт жерлерестерде қалды. Енді Темірхан облыста бірінші рет жеке мен мемлекеттің әріптестігіне түрен салды.

— Ол кезде мұндай терминді ешкім қолдана қоймайтын, — деп еске алады депутат. — Мен аудан әкімдігіне соғып, мынадай-мынадай ма-териалдар бере алатындығымды, арнайы

СЕНІМ ҮДЕСІНЕН ТАБЫЛА БІЛЕДІ


болатын. Алайда нысан ұзақ салынды, бірақ сол күйі бітпей қалды. Осы қиын жағдай көп жылға созылды. Ұстаздар қауымы мен көкірегі ояу ата-аналар құрылысты көзінің қарашығындай сақтап, оның қаусауына және ішінара қойылған қондырғылардың қолды болмасына қырағылық танытса, тек өкініштісі оқушылар ескі де тозығы жеткен мектепте оқуларын жалғастыра берді. Педагогтардың аудан және облыс басшылығына бірнеше мәрте жасаған өтініштеріне айтылар бұл жобаға бюджетте қаржы қаралмаған деген бір ғана жауап берілумен келді. Не десек те, бұл бұлтәқ-сұлтағы жоқ ащы шындық болатын. Егер қазіргі

бригада бөлетіндігімді айттым. Ал ата-аналар, педагогтар мен жоғары сынып оқушылары сырлау және көркейту жұмыстарымен айна-лысқанымен, білім ошағын іске қосу үшін бәрібір ақша қажет болды. Ақыры біздің ұсы-нысымызға аудан басшылығының көзін жеткі-зудің нәтижесінде он төрт миллион теңге табылды. Осылайша біз қоғамның, билік-тің, бизнестің күшін біріктіріп, күрмеуі қиын мәселені шештік. Осынау ортақ істе жерлес-теріміздің қолдауына қуандым. Мектеп құрылы-сында өзімді бастамашы емес, жұмысқа тартылған біздің стансаның бір белсендісі санадым. Мұны ұстаздарым ұмытқан жоқ деп ойлаймын. Облыстық мәслихаттың соңғы сайлауы алдында туған топырақта болдым. Ауыл белсенділері менің кандидатурамды депу-таттыққа ұсынғандарын жеткізді. Мұны мен жерлестерімнің құрметі деп түсіндім.

Арада он күн өткенде құрылыс жұмысымен аудан әкімімен кездестім. Ол әңгіме арасында былай деді: Әрине, сенің өзіңді депутаттыққа кандидат етіп ұсынуға құқың бар. Бірақ қазіргі күні қызылордалықсың ғой. Сайлауалды ком-паниянды ауданда бастағаныңды аудандық мәслихатқа немесе қандай да бір қоғамдық ұйымға ескерткенің жөн. Тіпті аудан әкімінің кімнің қайда ұсынылып жатқанын білгені ар-тық емес. Маған Өлімқұловты педагогтар жи-налысында ұсынғанын, оларды нұротандықтар қолдағанын жеткізді. Ал мен аудан жаңалығын ең соңынан есітемін».

Менің лебізімнен әңгімелесушім жаңалықты соңынан есітуші ол емес, мен екенін ұқты. Әңгіме күрт өзгерді. Енді ол мынаны айтты: “Депутаттың беделді де мүмкіндігі мол адам болғаны ауданға тиімді болар еді. Сенің адамдарға көмек жасауға мүмкіндігің көп болғанымен, қиын болады”. Бұдан мен маған қолдау жасайтындығын түсіндім. Бірақ, бұл сөзден соң мен бұл қадамға дайын емес екендігімді түсіндім. Сондықтан ойлануға уақыт сұрадым. Алайда ертеңіне-ақ сайлауалды додасына ерікті мәжбүрлікпен тіркеліп шыға келдім. Кейінірек сайлаушылармен кездесу сәттерінде дұрыс шешім қабылдағанымға көз жеткіздім.

— Депутат — көп нәрсеге мемлекеттік ұстаныммен ой жүгіртіп, тіршілік түйткілдерін шешуге де мүмкіндік береді, — дейді халық қалаулысы. — Бірде қабылдауыма бір әйел келді. Түріне қарасаң, жап-жас. Бірақ тоғыз баланың анасы екен. Күйеуі басқа отбасымен тұратын көрінеді. Онда да екі баласы бар болып шықты. Тоқтесті ол әйел университетте ақылы негізде оқитын үлкен қызының



жартыжылдық оқу ақысын төлеуге ақша сұрады. Құжаттарын да көрсетті. Көмек беру керек, бірақ еліміздегі демографиялық жағдайды жақсарту үшін бұлай жанжырлықпен күресуге болмайтындығын түсіндіру қажет. Жарым көңіл жанға жүрекке жететін жылы сөздерді тауып айту құрылысшы маған оңай болмады. Иә, біздің еліміз соншалықты кедей емес. Кімге болса да аштан өлуге жол бермейміз, ескелең ұрпақты білімсіз қалдыра алмаймыз. Десек те, барлық тауқыметті мемлекеттің мойнына үйіл-төге беруге тағы болмайды. Ата-ана болуды ойлағаннан кейін барлық мүмкіндікті таразылап, балаларыңыздың жауапкершілігін сезіне білген жөн. Әрине, мен ол әйелге көмек бердім. Қызының бір жылдық оқу ақысын төледім. Бірақ, сол бір шиеттіей бала-шағасы бар қамкөңіл ананың мұқтаждығы мұнымен шешіле қояды деп те айта алмаймын.

Кейде өздері бір істі қолға алған азаматтар да мәселелерінің шешімін табуына көмек сұрайды. Еліміздің тәуелсіздігін алған алғашқы қиын кезеңде өлі депутат болмаған маған стансада тұратын жерлестерім көмек беруімді сұрады. Олардың айтуынша, егістікке қажет трактор тауып беруім керек. Жанар-жағармайды өздері таппақшы болған ауылдастырым картоп егіп, өнімді арзан бағамен біздің ұжымға әкеліп бермекші. Мұндай ұсынысқа келіспеу әрине, күнә. Бір қуанатыным, мен көмек берген жерлестерім кейін фермер болып, өздеріне трактор сатып алды. Қазір олар басқаларға

жәрдем жасауда.

Бүгінде айтулы азамат Темірхан Өлімқұлов оқу ақысына көмектесуді сұраған жанға қол ұшын соза отырып, өзінің үлкен ұлы жоғары оқу орнына қалай түскенін еске алды.

— Ұлым мектепте өте жақсы оқыды. Әсіресе, математика пәнінен күшті болды. Бірақ мамандық таңдауда заңгер болуды қалады. Сонымен институтқа тапсыратын кез де келді. Өзім жұмыссызбын. Көлігім және қалтамада бес мың теңге ақшам ғана бар. Тәуекел етіп, Алматыға бардық. Ағайынның бір бөлмелі пәтері бар. Онда шәй ішеміз де, машинада отырып емтиханға дайындаламыз және сонда түнейміз. Қазір сол ұлым ғылым кандидаты, кафедра меңгерушісі. Екі университетте болашақ заңгерлерге дәріс оқиды. Сонымен бірге докторлық диссертациясын жазуда. Ең бастысы, өзі таңдаған мамандықтың иесі. Естіп жатамыз, бізде заңгерлер көп, оларға жұмыс жоқ деген сөзді. Бірақ әлі де білікті заңгерлер жетіспейді. Кейде үлкен ұлымның менің ізімді баспағанына ренжимін. Десек те, кім-кімге де келешек қор болмайтын жолды таңдағаны дұрыс емес пе? Оны жазғыруым орынсыз.

Темірхан Мәлікұлы теміржол институтын бітірген. Оның ішінде паровоз бөлімі емес, ПГС факультеті. Яғни, өндірістік, азаматтық құрылыс бөлімі. Оқуды бітірген соң өзі туып-өскен стансада жұмыс істегісі келген. Бірақ бөлініс бойынша Шалқар стансасынан бір-ақ шықты. Алғашында екі жылды өтеген соң елге қайтармын деп ойлаған. Өзін жақсы қырынан танытқан жас маманды шеберден прорабқа ауыстырса, кейін құрылыс-монтаж пойызына бас инженер қылып тағайындайды. Ал құрылыс номенклатурасынан шығу мүмкін емес. Сондықтан Шалқарда бақандай алты жыл тұрақтауға тура келді.

Қызылордаға оралғаннан кейін жаңа бой көтерген Белкөл стансасының құрылысына ат-салысады. Екі күннің біріңде Шмелі ауданындағы қос объекті — Бала би ауылындағы мектеп пен Бәйгеқұм стансасындағы клуб құрылысына ат ізін салады. Бірақ нысандарды аяқтауға мүмкіндігі болмады. Өйткені, Белкөл стансасы депо, вагон шаруашылығы, жұмысшылар қалашығы дегендей, ауқымды жоба еді. Стан-са арқылы бұрынғы болат жолдан бөлек, Өз-бекстанның Үшқұдық және Жезқазған арасын байланыстыратын жол салу көзделген еді. Одан әрі бұл жол Түркіменстан арқылы Иран теміржолымен байланысуы тиіс болатын.

Темірхан Өлімқұловтың Қорқыт ата атын-дағы Қызылорда мемлекеттік университетінің “Сейхун” спорт кешенінде қолтаңбасы қалды. Ол сондай-ақ облыс орталығында өз есебінен үй салып, ол пәтерлерді сату арқылы шығынды қайтаруды да алғашқылардың бірі болып қолға алды.

— Өзімізде кірпіш шығаратын зауыт болды. Сондықтан осы іске тәуекелге бардық. Абай даңғылы бойындағы үш қабатты жаңа үйлердің бірі біздің үлесімізде.

Қасиетті Қармақшы топырағындағы «Қор-қыт ата» мемориалын қайта салуға да оның басқаруындағы “СМП-Қызылорда” жауапкер-шілігі шектеулі серіктестігі білек сыбана кірісті. Нысан қазан айында берілуге тиіс болатын. Басты монумент — “Орган-қобыз” қондырғысы қол байлау болды. Ол монумент тұтастай граниттен қойылмақшы. Бұл іске қордайлық “Тасшебер” ЖШС үлес қосуда. Қазіргі таңда серіктестік монтажшылары монументті құрас-тыруда.

“Тасшебер” жауапкершілігі шектеулі серік-тестігінің басшысы Шамиль Кензиннің өзі күні-түні объекті басында көрінеді. Құрылыстың қан-шалықты қиын екеніне қарамастан ол қызыл-ордалықтардың тапсырысын мақтан тұтады.

— Бүкіл түркі әлемінің ғұламасы «Қорқыт ата» кешені кез келген құрылыс компаниясы үшін үлкен сынақ, — дейді “СМП-Қызылорда” ЖШС бас директоры, №25 Шиелі сайлау округінен сайланған облыстық мәслихат депутаты Темір-хан Мәлікұлы Өлімқұлов сөз соңында.

Бақтыбай БЕРДІБАЕВ.



АРАЛ МҰНАЙЫ: АҢЫЗДАН АҚИҚАТҚА

Сонау жетпісінші жылдары кеңес заманында алғаш Арал мұнайын барлау жұмыстары басталды. Геологиялық экспедициялар бұл өңірде қара алтын мен газдың елеулі қоры барын бағамдаған. Бірақ, теңіздің тартыла бастауы әлемдік экологиялық проблемаларды алға тартты. Соның нәтижесінде отыз жылдан астам уақыт бойы адамзат назары экологиялық апат аймағының зардаптарымен күресу шараларына арналды да, қазына байлық аңызға айналып кетті.

Ғасырлар тоғысында тартылған теңіздің космостан суретін түсіріп жүріп, жапондар айдынның астында қыруар қазына жатқанына қызығушылық білдіреді. Сөйтіп, Жапония бұл іске грант болып, зерттеп, зерделеп, жоғарыдағылардың көзін тағы бір жеткізіп қойды. Жалпы, қара алтынның қомақты қазынасы бары жергілікті халыққа біраз замандардан белгілі болатын. 1993 жылы облыста шетелдіктердің қолдауымен теңіздің кепкен табанына сексеуіл отырғызу жобасы қолға алынды. Осы жұмыстарды көрсету үшін бес адамдық шағын ұшақпен түсіру тобымыз Қазалыдан ұшып шығып, сексеуіл егіліп жатқан теңіз табанына келдік. Одан Қасқақұланды жас өскіндерді таспаға түсіріп, теңізге қарай ұшып шықтық. Сонда көргеніміз теңіз дегенің тобықтан келетін су, шалаңы бетіне шығып, түбі көрініп жатыр. Көзжетпестің тұсынан ұшып өтіп, Барсакемлеске жақындап, құм суырған Кәукей жаққа қайтып оралдық. Теңіздің пұшайман халін көрген ұшқыш орыс жігіті: «бұл жердің асты толған мұнай, болашақта оны қиналмай қазып аласыңдар» дегені әлі есімде. Содан он жылдан кейін Кердері кесенесіне барғанымызда баяғы айдынның ақсор алқапқа айналғанын көзіміз көрді. Уақыт сондай жылдамдықпен ұлы теңізді жұтып жіберген екен.

Жаңа ғасырда адамзат үшін энергия көздері ауадай қажеттілікке айналды. Арал теңізі екі мемлекетке ортақ болғанымен, екі жақ екі түрлі көзқарас ұстануға тура келген сыңайлы. Ежелден Әмү мен Сырды қатар еміп келген теңіз, суалғаннан кейін оны құтқару жөніндегі ортақ мүддеде алшақтық байқалды. Қазақ-өзбек шекара делимитациясына сәйкес, әрі оған дейінгі тарихи жағра-

пиялық бөліністерге сай Кіші Арал – Қазақстанға, Үлкен Арал Өзбекстанға тиесілі болды. Қазақстан Кіші Аралды құтқару жөнінде ғасырлық жоба жасап, оны суға толтырды. Көршілеріміздің Сібір өзендерін Аралға бұру жөніндегі идеясы іске аспай қалды. Өзбектер соңғы уақытта мақта көлемін өсіріп,

ұзармайтынын сезген сияқты. Осы мақсатта «Аралдың өзбек бөлігіндегі ресурс қоры» атты конференция өткізіп, мұнай компанияларының басын қосты. Одан әрі Ташкентте шұғыл түрде Аралдан көмірсутегін іздеу жөніндегі инвесторлар консорциумы құрылды. Нәтижеде «Өзбекмұнайгаз»

ықтимал мұнайы арқылы келмек мол қаржыға аузын ашып отырған «ортақұрсақ» көршіміздің құлшынысы бекер емес.

Аралда Қазақстанның да мұнай барлау жұмыстарымен айналысып жатқаны рас. Өткен ғасырдың 90-шы және 2000-шы жылдардың басында

қарамастан оны атқарудан бас тартылды. Компания алғашқы екі бұрғылау нәтижелерін сараптап өткізбей-ақ келесісінің қажеттілігі жоқ деп тапты. Бұл Батыс Құланды деп аталатын аймақтағы алғашқы қадамдар өзiрге нәтижесіз болды.

Бірақ, соңғы жылдардағы Шығыс Құланды және солтүстік аймақта жергілікті мұнай компаниялары бұрғылау жұмыстарын жүргізуде. Бірнеше жылдан бері компаниялар осы өңірге түрен салып мұнай көздерін іздестіріп жатыр. Шығыс Құландыға негізінен теңіздің кепкен табаны аумағындағы жерлер кіреді.

Ғалымдарды өңірде мұнай өндіру барысында экологиялық ахуалы алаңдатады. Өсіресе, Үлкен Аралдың болашағы туралы пікірлер жағымсыз жайларға жетелейді. Ол жойылып кеткен жағдайда қатерге қауіп қосылуы мүмкін деп жорамалдайды. Қара алтын қазған жерде қоршаған ортаның қаймағы да бұзылатыны белгілі. Арал теңізі шельфінде мұнай барлау жұмыстары басталғанын естіген немістің табиғат қорғау мамандары «Аралдың мұнайы бар болғаны 40-50 жылға ғана жетеді. Ол жүзеге асса, апатқа апат қосып аламыз» деп қарсы пікірін білдірген. Халықаралық ұйымдардың экологиялық өңірге түрлі әлеуметтік-экологиялық және экономикалық бағдарламалар арқылы көмек қолын созып жатқанын жоққа шығаруға болмайды. Бірақ, бұл көзқарасқа жергілікті мамандардың айтар уәжі де бар.

Халықаралық Аралды құтқару қорының қазақстандық өкілі Сагит Ибагулин сөзі мынаған саяды. «Экология деп айта бергеннен ештеңе шықпайды. Аралдан мұнай табылып жатса, неге қазбасқа. Оны халық игілігіне жаратып жатсақ, ол елге үлкен пайда. Халықтың әлеуметтік жағдайы жақсарады, аймақтың инфрақұрылымы дамиды, сондықтан, қазынаға қарап отырғаннан, қазған дұрыс», – дейді.

Әу баста космостан үніліп, теңіздің астында байлық жатқанын бағамдаған жапондардың «экологияны экономика арқылы жеңуге болады» деген байламы шындыққа жанасатын сияқты. Өсте, жеті өлшеп, бір пішетін Күншығыс еліндегі ағайындар теңіздің тағдырына алабытпен қарап, өзгелердей киім-кешек ала жүгірмей, мұнайын барлап алса қалай болады деген ниеті болғанын сеземіз.

«Мұнайы бардың – құдайы бар»



иригациялық жүйелер мен каналдар қазып, бірнеше тоғандар салып тастады. Сөйтіп, Өмудариядан бір тамшы су түспеген үлкен теңіз аз ғана уақытта алып құрлыққа айнала бастады. Олардың теңізді құтқарудан гөрі басқа пиғылдары қылаң бере бастады. Сөйтіп жүргенде 2005 жылы өзбек мұнай ғылыми-зерттеу институтының белді мамандары «суалып бара жатқан Арал теңізінің астындағы мұнай қоры Каспий теңізіндегі мұнайдан кем емес» деген сенсациялық мәлімдеме жасады. Бүгінгі өзбектердің жағдайында Аралдан қара алтынның мол қоры табылуы тақыр кедейдің төбесіне аяқ астынан алтын жауғанмен пара-пар жағдай еді. Сөйтсек, көршілерімізді теңізді қалпына келтіру емес, оның астындағы қазба байлық қызықтырады екен. Экономикасы әлсіздеу Өзбекстан үшін жағдайын көтеріп тастайтын осындай қазына байлық ауадай қажет. Олар біздің елдің қара алтынның арқасында өркендеп-өсіп, тамаша табыстарға жеткенін көзі көріп отыр. Оның үстіне бұл елде бірқатар жылдардан бері мұнай тапшылығы сезілуде. Қайбір жылдары Қазақстаннан қара алтын сатып алған олар көгілдір отынға бай болса да, қолы

ұлттық компаниясы ресейлік «Лукойл оверсиз», Малайзия және Қытайдың CNPC және корейлік компаниялардың басын құраған инвесторлар консорциумы өнімді бөлісу жөніндегі қол қойған келісімге сәйкес Арал теңізінің Өзбекстан аумағында сейсмикалық барлау жұмыстарына кірісті.

Саралшылар екі елге ортақ Аралдың бүгінгі ахуалының біраз жайының басы ашылған деп есептейді. Қазақтар Кіші Аралды суға толтырып, экологиялық жағдайын жақсартып, оны сақтап қалуға күресіп жатса, өзбек жағы құрғаған теңіздің астынан мұнай өндірудің ыңғайлы екенін біліп, мақсатына жетпекке ұмтылған. Аралдың

қазақ-американдық «Құландыэнерго-корпорейшн» біріккен кәсіпорны Құландыда геологиялық барлау жұмыстарын жүргізіп, жер астындағы 2 мың метр тереңдікте 37 млн. тонна мұнай мен 27 млрд. текше метр газ қоры жатыр деген болжамды ұсынған болатын.

2005 жылы «Қазмұнайгаз» өз секторының Құланды құрылымында алғашқы бұрғылау ұңғымасын бұрғылады. Келер жылы тағы бір ұңғыма бұрғыланды. Бірақ, екі ұңғыма да құрғақ болып шықты. Барлау ұңғымаларын бұрғылау жұмыстарына бюджеттен алғашқы 500 млн. теңге, екіншісіне 600 млн. теңге бөлінді. Жоспарланған үшінші ұңғымаға қаражат бөлінгеніне



● СЕМИНАР

ТӨРТ ТҮЛІКТІ ТҮЛЕТУ ЖОЛЫ

Шиелі ауданында облыстық «Мал шаруашылығын дамыту туралы» семинар-кеңес өткізілді. Оған аудан әкімдерінің орынбасарлары, ауыл шаруашылығы саласының басшылары, шаруа қожалықтарының төрағаларымен қатар атакәсіппен шұғылдануға ниетті кәсіп иелері қатысты.

Жиынды облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы басшысының орынбасары П.Сыздықов «Облыстағы мал шаруашылығы саласын дамытудың болашағы» туралы баяндама жасады. Жиында ғалым, Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті ректорының кеңесшісі, профессор Қ.Бозымов «Қазақтың ақбас сиырының тұқымдық және өнімділік қасиеттерін бағалау әдісі туралы» баяндама жасаса, оның әріптесі профессор Ә.Баяхов «Еділбай қойының селекциялық жұмысы» туралы» ғылыми тұжырымдамаларымен бөлісті. Ал «Микробиология және вирусология институты» РМЖ «Қолданбалы микробиология» филиалының зертхана меңгерушісі Жанар Жұмадилова «мал азығын дайындаудың жаңа технологиясы» туралы хабарлама жасады.

Семинар кеңес сұрақ-жауап, пікір алысулар арқылы толықтырылып, қазақтың атакәсібі – төрт түлік малдың басын көбейтумен бірге, оның өнімділігін арттыру мәселесі егжей-тегжейлі сөз етілді. Осы семинар-кеңеске қатысушылар жеке кәсіпкер П. Маханбеттің мал сою пунктіннің жұмысымен танысып, асыл тұқым малдарының көрмесін де тамашалады. Сондай-ақ, ірі қара малының төлін УЗИ-сканер арқылы анықтау мәселесіне қанықты. Сол жерде Еділбай қойларының тұқымдық және өнімділік көрсеткіштерін бағалау тәжірибесімен де ой бөлісті. Шиелі ауданындағы ветеринарлық зертхананың жұмысы да кеңеске қатысушылардың назарына ұсынылып, тәжірибе алмасылды.

Нұрмахан Е.ЛТАЙ.
Шиелі ауданы.

БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУДЫҢ ЖАҢА БЕЛЕСІ

Биыл облыста мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру жұмыстарының басталғанына 90 жыл толып отыр.

Осы ретте Қызылорда облысы әкімі аппаратының Мемлекеттік қызметшілерді және бюджеттік сала қызметкерлерін қайта даярлау және біліктілігін арттыру өңірлік орталығы «Мемлекеттік қызметшілерді жана талаптар бойынша оқыту: тәжірибе және перспективалар» тақырыбында республикалық семинар өткізді.

Екі күндік семинар барысына ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының мемлекеттік қызметшілерге қосымша білім беру институтының директоры Сүлейменова Гүлімжан Кеңешілікқызы модератор ретінде қатысып, барлық облыстардан келген өңірлік орталық басшыларының баяндамалары тыңдалды.

Өз кезегінде Қызылорда облысының өңірлік оқу орталығының директоры Қ.Әжібеков саланың 90 жылдық тарихына тоқталып, бірқатар ұсыныстар айтты. Семинарға облыс әкімі аппаратының басшысы Қ.Жайсанбаев, өзге облыстардан келген қонақтармен қатар, барлық аудан әкімі аппаратының ұйымдастыру және кадр жұмысы бөлімінің басшылары да қатысты. Республикалық семинар өзара тәжірибе алмасып, ортақ мәселелерді талқылауға зор мүмкіндік болды.

Қ.ӘБІШҰЛЫ.

● КОНФЕРЕНЦИЯ

Жалағаш кентіндегі №201 мектеп-лицей кітапханасында ел Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Ой бөлістім халқымен» бойынша оқырмандар конференциясы болып өтті. Оның негізгі мақсаты –Елбасының өмірі мен қызметтік жолдарын, шығармаларын насихаттау, кітаптағы өсиет-афоризм сөздерін оқырмандар санасына сіңіру, жас буынды рухани-адамгершілікке, отансүйгіштікке, елжандылыққа баулу.

Конференцияны мектеп кітапханасының меңгерушісі Феруза Досанова ашып, өзінің сарабдал саясатының арқасында еліміздің тыныштығын, бірлігін, тұрақтылығын сақтауда бар ынта-жігерін, күш-қуатын халқына арнап, халқымен бірге тәуелсіздіктің көк туын көтеріп келе жатқан Тұңғыш Президентіміздің осынау қағидаға толы құнды шығармасын оқырмандарға таныстыра отырып, ой бөлісуге шақырды.

«Ой бөлістім халқымен» кітабында ҚР Президенті Н.Назарбаевтың кітаптарындағы, баяндамалары

мен басқа да еңбектеріндегі, алқалы жиындар мен ел аумағының алуан аймақтарындағы түрлі кездесулерде сөйлеген сөздеріндегі қанатты қағидалары қамтылып, терең ой-толғамдары мен тұжырымдары топтастырылған. Елбасының өмірі

ОҚЫРМАННЫҢ ОЙЫ ОРТАҚ

мен қызмет жолына слайд арқылы шолу жасалып, кітаптары, фотошөжірелер оқырмандар назарына ұсынылды.

Кітаптағы он екі тарау бойынша жиырмаға жуық оқырман оның тарихи құнды туынды болып қала беретіндігі, өз мазмұнын жоймайтындығы жайында айта келіп, ел тәуелсіздігінің тұғырлы болуындағы, сол жолда қандай да тәуекелге баратынымыз туралы анық та айқын көрсете білген Елбасының даналық ойларының оқырмандар қауымының жігерлерін жани-тындығын жеткізді.

Конференцияға қатысушылар «Елiн сүйген Елбасы» көрмесіне қойылған Н.Назарбаевтың «Қазақ

стан жолы», «Сындарлы он жыл», «Тарих толқынында», «Бейбітшілік кіндігі», «Тәуелсіздік белестері» және басқа кітаптарымен танысты. Шарада оқушылар Б.Бекбол, Ә.Әбзәли, А.Дауылбай, Г.Ортай және Р.Сәндібек Елбасының ұлттық

идеяға толы ой орамдарымен қатар әлемді дүр сілкінген жерлесіміз, Олимпиаданың екі дүркін, Әлемнің төрт дүркін чемпионы И.Ильиннің елжандылық қасиеттерін, ерлігі туралы айтып, жастарды ұлтжандылыққа шақырды. Жастар өз сөздерін Елбасының қанатты қағидаларымен байланыстыра айтып, конференция мазмұнын аша түсті.

Конференция жұмысын директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Жақсылықова қорытындылап, оған белсене қатысқан оқырмандарды мектеп-лицей директорының алғыс хатымен марапаттады.

Г.РЕЙМБЕРГЕН.
Жалағаш ауданы.

«БИЗНЕСТІҢ ЖОЛ КАРТАСЫ – 2020»

Елбасы жаңа Жолдауда шағын және орта бизнесті дамыту – Қазақстанды индустриялық және әлеуметтік жаңғыртудың басты құралы ретінде танып, кәсіпкерлік саласын Қазақстандағы Жалпыға ортақ еңбек қоғамының берік экономикалық негізі екендігін атап өтті. Алдағы уақытта бизнесті дамытуға кедергі келтіретін барлық енжар құқықтық нормалардың күші жойылып, шағын кәсіпкерлік ұрпақтан ұрпаққа берілетін отбасы дәстүріне айналатыны айтылды. Бүгін біз осы маңызды саланың аймағымыздағы даму қарқынын, сонымен қатар туризм кластерін қалыптастыру бойынша атқарылып жатқан жұмыстарды тақырыпқа тамызық етпекпіз.

Жыл басында Ұлттық қордан елдегі шағын және орта бизнесті несиелеуге 100 млрд. теңге қаражат бөлінген-ді. Осы жеңілдетілген несиеден біздегі жобаларға 476 млн. теңге бөлінді. Облыстық кәсіпкерлік және туризм басқармасының басшысы Т. Сүлейменовтің айтуынша, бұл қаражат өңдеуші өнеркәсіп саласына бағытталған. Нақтыласақ, осы секторда жұмыс істейтін 13 бизнес субъектісінің жобасын несиелеуге жұмсалыпты. Өрине, аталған қаржының аймақтағы шағын кәсіпкерлікті өркендету аздық ететіні рас. Жаңа Жолдауда 2015 жылы шағын және орта кәсіпкерлік пен ірі кәсіпкерлікті жеңілдікпен несиелеуге Ұлттық қордан қосымша 100 млрд. теңге қаралатыны айтылды. Бұл тамақ және химия өнеркәсібі, машина жасау, сондай-ақ қызмет көрсету саласындағы жобаларды жүзеге асыруды қамтамасыз етуге бөлініп отыр.

Аталған саланың даму деңгейі туралы әңгімені ШОБ субъектілерінің санынан бастайық. Нақты кезеңде облысымызда оң жамбасына келген кәсіпті дөңгелеткен жандар қатары 27 мың 776-ны құрап отыр. Бұл кәсіпкерлік субъектілерінің қатары өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 107 пайызға өскенін білдіреді. ШОБ субъектілерінің

Енді «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасының орындалуына келейік. Аталған бағдарлама Елбасының «Жаңа он жылдық – Жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына арнаған Жолдауында айтылды. Еліміз бойынша бағдарламаны жүзеге асыру 2010 жылы басталды. Бұл бағдарлама дағдарыстан кейінгі дамудың бағыт бағдарын айқындайтын, қолдаудың нақты тетіктері мен жолдары көрсетілген кешенді бағдарлама. Сонымен бірге ол ҚР 2010-2014 жылдарға арналған Үдемелі индустриалдық-инновациялық даму бағдарламасын іске асыру механизмдерінің бірі болып табылады.

ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕС СЕРПІНДІ ДАМУДА



басым бөлігі, яғни 79,5 пайызы Қызылорда қаласының үлесінде. Аудандар ішінде көш басында Шиелі мен Қазалы аудандары тұр. Тағы да статистикаға жүгінсек, облысымызда жыл басынан бері жаңадан 1974 шағын және орта кәсіпкерлік субъектісі ашылған. Ал, 1 шілдедегі мәлімет бойынша, кәсіпкерлік саласында 83 547 адам еңбек етуде. Байыптап қарасақ, бұл осы саладан нәпақасын тауып жүргендер қатарының былтырдан 17 пайызға артқанын аңғартады. Ал, саладан бюджетке түсетін салық түсімдері 20,1 млрд теңгені құрап, өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 11,3 пайызға өсіпті. Айта кетейік, өткен жылы ШОБ-тың ЖІӨ (Жалпы ішкі өнім) үлесі 10,9 пайызды құраған болатын.

Аталған бағдарлама шеңберінде үстіміздегі жылы облысқа 1 млрд. 644,4 млн. теңге қаражат бөлінді. Бағдарлама 3 бағытта жүзеге асырылуда. Біріншісі, жаңа бизнес бастамаларын қолдау, оның ішінде несие бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялау және оны ішінара кепілдендіру, өндірістік инфрақұрылымды дамыту, сондай-ақ гранттық қаржыландыру. Быыл, жоғарыда аталған 1,6 млрд. теңгенің 590 млн. теңгесі несиенің пайыздық мөлшерлемесін субсидиялауға бөлініп, ол толығымен игерілген. Осы жылдың он айының қорытындысы бойынша аймақтық үйлестіру кеңесінің 18 отырысы өткізіліп, бүгінде жалпы құны 3,5 млрд. теңгені құрайтын 59 жоба жүзеге асырылуда. Кәсіпкерлердің несиесін ішінара кепілдендіруге

90 млн. теңге бөлініпті. Егер де 2010-2013 жылдар аралағында 23 жоба кепілдендірілсе, биылғы жылдың 10 айының өзінде несие көлемі 597 млн. теңгені құрайтын 25 кәсіпкерге кепілдеме ұсынылған. Осы ретте валюталық несиесі бар кәсіпорындарды қолдау бойынша 70 млн. теңге бөлініп, аталған қаражаттың толығымен игерілгенін айта кеткен жөн.

Кәсіп иелерінің көбінің қызығушылығын тудырып отырған гранттық қаржыландыру мәселесіне де тоқтала кетейік. Быыл 12 млн. теңге бөлініп, қайтарымсыз қаржыға 3 жоба қаржыландырылыпты. Ал, осы бағдарламаның екінші бағыты бизнесті жүргізуге сервистік қолдау көрсетуге бағытталғаны мәлім. Жыл басынан бері жұмыс істеп тұрған бизнесті сервистік қолдауға 47,5 млн. теңге бөлінген. Өңірлік деңгейдегі бағдарламаның операторы – облыстық кәсіпкерлер палатасы.

Келесі үшінші бағыт өнімді сыртқы нарыққа экспорттайтын кәсіпкерлерді қолдауға бағытталған. Бұл бағыт бойынша да тиісті

(Арал, Қазалы, Жалағаш және Шиелі) жасақталып жатқан индустриялық аймақтарға инфрақұрылым жүйелерін жеткізіп беруге осы жылы барлығы 835 млн. теңгеге жуық қаржы қаралып, қазіргі күні оның 730 млн. теңгесі игерілді. Нысандардың құрылыс-монтаждау жұмыстары жыл соңына дейін толық аяқталады деп күтілуде.

Мемлекет басшысының жыл сайынғы Жолдауларында елдегі туризм саласын дамыту туралы айтылып келеді. Бір қуанарлығы, соңғы жылдары Сыр өңірінде туризмді, оның ішінде ішкі туризмді өркендетуге ерекше көңіл бөлінуде. Әкімшілік мықтап қолға алған жұмыстың нәтижесі де жаман емес. Биыл тұңғыш рет салада көрсетілген қызметтердің жалпы көлемі 1 млрд. теңге жуықтап, туризмның табысты бизнес екені айқындала түсті. Айта кетейік, бұл жұмыстар сырттан саяхаттап келушілерге туристік қызмет көрсетумен айналысатын 13 туристік фирма арқылы жүзеге асырылды. Біздің облыста саяхатшыларды қонақүйлерге

форум өтіп, оның барлығында да «Қызылорда – “Байқоңыр” ғарыш аймағы - Қорқыт ата» бағыты бойынша туристік сала мамандары мен БАҚ өкілдеріне арналған ақпараттық-танымдық тур өткізіліп, туроператорлар мен форум қонақтары миллиондаған адам тамашалағысы келетін зымыранның көк төсіне самғаған сәтін көре алды. Сондай-ақ, түркі тектес халықтардың ортақ абызы Қорқыт бабамыздың құрметіне қойылған «Қорқыт ата» мемориалдық кешені қайта жаңғыртудан өткізілуде. Бұл да туризмнің тартымдылығын арттыра түсетін фактордың бірі. Кенже дамып келе жатқан ішкі туризмге өріс беруге табиғи – рекреациялық аймақтар мен Ұлы Жібек жолы бойында орналасқан ортағасырлық Сығанақ, Жент, Жанкент секілді қалашықтарды, тіпті 2,5 мың жылдық тарихы бар Шірік Рабат қала-қорғаны мен Жетіасар оазисі сияқты көне қалаларға баратын инфра-структураны дамыта отырып, аймағымызда туристік кластерді қалыптастыру көзделіп отыр.

Өңірдегі маңызды орындардың бірі – Қамыстыбас демалыс аймағы. Қазір бұл аймаққа инвесторлар тарту жұмыстары жүргізілуде. «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» халықаралық автодәлізі бойында 3 санатты жол бойы сервистік нысандарын салу жұмыстары да батыл қолға алынып, онда салынатын кешендерге жоғары талап қойылуда. Бұл мақсатқа автобан бойынан инвесторға 33 жер телімін беру ісі жобаланып, 39 жеке кәсіпкер мен серіктестік жобаларын жүзеге асыруға білек сыбана кіріскелі отыр.

Қазан айының соңында Қызылорда қаласында «Қол өнер – сырлы өнер»



жұмыстар атқарылуда.

Жалпы, «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасын жүзеге асыруға 4 жылда ел қазынасынан облысқа барлығы 7,2 млрд. теңге бөлінді. Ал, аймақтық үйлестіру кеңесіне жалпы құны 15,2 млрд. теңгеден асатын жобалар ұсынылып, мақұлданған. Сонымен қатар, осы аралықта 60 бизнесмен Н.Назарбаев университетінде кәсіпкерлік негіздерін оқып, білімін жетілдірсе, тағы 11 кәсіпкер АҚШ пен Германияда тәжірибе алмасып келді. Сонымен қатар, осы бағдарламаның операторы болып табылатын «Даму» кәсіпкерлікті қолдау орталығы» АҚ облыстық филиалы арқылы кәсіпін енді бастаған азаматтарды мемлекеттік қолдау бойынша «Бизнестің жол картасы - 2020» бағдарламасы аясында «СТАРТ-АП» жобасы жұмысын жалғастыруда. Биыл басталған жаңа жобаны қарқынмен жүзеге асырған Сыр өңірі республикада екінші орынға табан тіреп отыр.

Өндірістік инфрақұрылымды дамытуға, нақтырақ айтсақ, 4 аудан орталығында

орналастырумен шұғылданатын 55 заңды тұлға бар. Биылғы жылы олар 38 685 жаңға өз қызметін ұсынған. Осы тұста, туристердің көбісі өңірімізге іскерлік мақсаттармен сапарлап келгенін де еске сала кетейік. Қазақстан Республикасындағы туристік саланы дамытудың 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасында Қызылорда облысы өңірімізге кәсіпкерлік негіздерін оқып, білімін жетілдірсе, тағы 11 кәсіпкер АҚШ пен Германияда тәжірибе алмасып келді. Сонымен қатар, осы бағдарламаның операторы болып табылатын «Даму» кәсіпкерлікті қолдау орталығы» АҚ облыстық филиалы арқылы кәсіпін енді бастаған азаматтарды мемлекеттік қолдау бойынша «Бизнестің жол картасы - 2020» бағдарламасы аясында «СТАРТ-АП» жобасы жұмысын жалғастыруда. Биыл басталған жаңа жобаны қарқынмен жүзеге асырған Сыр өңірі республикада екінші орынға табан тіреп отыр.

Өндірістік инфрақұрылымды дамытуға, нақтырақ айтсақ, 4 аудан орталығында



атты қолөнер шеберлерінің көрме конкурсы ұйымдастырылып, оған көршілес 5 облыс пен өз өңірімізден барлығы 50 қолөнер шебері қатысты. Көрмені өткізуге мұрындық болған облыстық кәсіпкерлік және туризм басқармасының қызметкерлері биыл алғаш рет шетел асып, аймағымызды жарнамалау жұмыстарын бастап кетті. Олар Гонконг және Лондон қалаларында халықаралық көрмеге қатысып, онда Сыр бойының туристік әлеуетін таныстыратын ақпараттық-жарнамалық өнімдер таратылды.

Нәтижесінде алдағы жылдың ортасында облысымызға Англия, Италия, Испания, Германия, Австрия және Бразилия елдерінің туристік операторларын тарту жоспарланып отыр.

Міне, Елбасы Жолдауындағы басым бағыттардың бірі – шағын және орта бизнесті өркендетумен бірге өңірімізде туризмді дамыту арқылы табыс табу ісі бойынша атқарылып жатқан жұмыстардың бағыты осындай.

Дәуржан ЕЛУБАЕВ.

ӘЛЕМДІК ФИЛОСОФИЯ КҮНІНЕ АРНАЛДЫ

Осыдан 12 жыл бұрын ЮНЕСКО жыл сайынғы қараша айының үшінші бейсенбісін бүкіләлемдік философия күні деп жариялады. Содан бері бұл күнді әлемнің 80-нен астам елі атап өтеді.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті «Философия және мәдениеттану» кафедрасының ұйымдастыруымен осы күнге орай «Сыр елі – туған жерім!», «Қызылорда – сүйікті қалам!» атты шара өтті. Философиялық эссе, шығармашылық шабыт, фотокурс секілді 3 номинациядан тұратын сайысқа университет факультеттерінің студенттері қатысты. Сайыстың басты мақсаты – адам бойында өзіндік санамен бірге қоғамдық сананы қалыптастыру, адамның ақыл-ойын қоғамдық, жалпы адамзаттық, жаһандық мәселелерге бағыттау.

Жалпы Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті әлемдік философия күнін атап өтуді дәстүрге айналдырған. Соның дәлеліндей, философия және мәдениеттану кафедрасы былтыр «Қорқыт – мәңгілік өмір» атты ауқымды шара өткізсе, биыл ол жалғасын тауып отыр.

Жастар бойында еліне деген отансүйгіштік сезімін қалыптастыру және насихаттау, олардың туған жер тарихын, мәдени ескерткіштерін таныу-на және құрметтеуіне икпал етуді көздеген шараға облыстық қоғамдық келісім орталығының бөлім басшысы Уәлихан Ибраев, қалалық ішкі саясат бөлімінің маманы Әділет Наурызбаевтар қатысты. Шараны университет проректоры Баянәлі Досжанов философия күніне арналған баяндамасымен

ашып, кафедра меңгерушісі Онғар Бермаханов жүргізіп отырды.

Осыдан кейін «Сыр өңірінен мемлекеттің қорғалым тізіміне енген тарихи жәдігерлер» және «Фотосайыс» номинациясы бойынша жүлдегерлер деп танылған жұмыстардың тұсаукесері өтті.

Жалпы конкурстық сараптау комиссиясына 3 номинация бойынша 80-нен астам жұмыс келіп түсті. Сайысқа қатысуда белсенділік танытқан Қармақшы ауданындағы №99 мектеп пен қаладағы бірқатар білім ошақтары оқушыларының белсенділігін атап өткен жөн. Комиссия жұмысының сараптауынан өткен үздік жұмыстар марапатқа ұсынылды. Атап айтқанда, «Философиялық эссе» номинациясында информатика мамандығының 3 курс студенті Анар Ақшал алдына жан салмаса, «Шығармашылық шабыт» номинациясы бойынша әлеуметтік жұмыс мамандығының бірінші курс студенті Жұбатхан Нұрғалиев, ал «Фотосайыста» құқықтану мамандығының бірінші курс студенті Ғазиз Қаныбеков дара шықты.

Шара барысында студенттер Ұлдана Мусиева, Жарасқан Төлебайдың орындауындағы «Қызылорда» әніне жұртшылық ықыластана қол соқты. Жасұлан Базарбаев «Сүгірдің бес жорғасы» күйін нәшіне келтіре орындады.

Б. СМАЙЫЛҒҰЛЫ.

Бейсенбі күні Студенттер сарайында «Аймақтағы кәсіпорындарда туындаған әлеуметтік шиеленістің және еңбек дауларының алдын алу» тақырыбында семинар болып өтті. Облыстық еңбек саласындағы бақылау басқармасы және «Самұрық-Қазына» АҚ «Әлеуметтік әріптестік орталығы» корпоративтік қоры бірлесіп өткізген бұл семинарға мемлекеттік органдар мен кәсіпорындардың, кәсіподақтар мен қоғамдық ұйымдарының, сондай-ақ ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

АЛДЫН АЛҒАН ҰТАДЫ

Семинарды ашқан облыстық еңбек саласындағы бақылау басқармасының басшысы Нұрлыбек Жолдасбаев әлемдік қаржы дағдарысының әсері азаймай отырған қазіргідей кезеңде елімізде әлеуметтік қатынастардың, кәсіпорындардағы еңбек дауларының алдын алып отыру өзекті мәселе екенін атап өтті.

Семинарда «Өрлеу» Ұлттық орталығы» АҚ директорлар кеңесінің төрағасы, «Әлеуметтік әріптестік орталығы» корпоративтік қорының сарапшысы Мұрат Әбенов әлеуметтік тұрақтылық рейтингін жүргізіп отыру әлеуметтік қатынастар мен еңбек дауларының алдын алу шараларының бірі екенін жеткізді. Ол «Самұрық-Қазына» АҚ-ның тапсырысы бойынша жүргізілген зерттеулер нәтижелеріне тоқталып өтті. Республика бойынша барлық аймақтар қамтылып, 33 мыңдай адам сауалнама сұрақтарына жауап берген. Сонда анықталғаны, еңбек адамдары бірінші кезекке әділеттілікті, ал одан кейінгі кезекке сыбайлас жемқорлықты қойған. Ал жалақы мәселесі үшінші орыннан табылған. Мұрат Абдулмитұлы тұрмыстық мәселелер арасында адамдар үшін бірінші кезекте тұрғын үй мәселесі тұрғанын айтты. Екінші кезекте денсаулық сақтау мекемелері мен балабақшаларға қатысты мәселе тұр. Бұл бүкіл республиканың барлық аймақтарына тән өзекті мәселелер болып отырған жайы бар. Біздің аймақ тұрғындары үшін өзекті мәселелердің алдыңғы қатарында несие жайы тұрғаны белгілі болып отыр.

Семинарда әлеуметтік шиеленістердің, еңбек дауларының алдын алудың басты құралдарының бірі ұжымдық шарт жасасу екені атап өтілді. Н.Жолдасбаев облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың тапсырмасына сай об-

лыста барлық мекемелер мен кәсіпорындарда, оның ішінде орта және кіші кәсіпорындарда ұжымдық еңбек шартын жасау жолға қойылғанын еске салып өтті. Басқарма басшысы жыл басында жалақыдан қарызы бар мекемелер саны 51 болса, қазір олардың саны 12-ге түскенін мәлімдеді. Енді жыл соңына дейін қалғандары да қарыздарынан толық құтылуы тиіс. Сонымен қатар, шетелдік мамандармен жергілікті жұмысшы жалақысындағы айырмашылықты азайту бағытында нәтижелі жұмыстар жүргізілген.

Әлеуметтік және еңбек қатынастарында бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін жоғары деңгейде алып жүрген компаниялар қатарында «Казгермұнай» БК» ЖШС аталды. Семинарда осы компанияның бас директоры Медед Кәрім өздерінде жұмысшылар мен қызметкерлерінің әлеуметтік қорғау жөнінде жасалған шаралар жайын айтып берді. Сондай-ақ «ІПҚР» АҚ-ның кәсіподақ комитетінің заңгері Бақыт Мұқашева мен «Торғай Петролеум» ЖАҚ бөлім басшысы Нұрлан Қошанов өздеріндегі еңбек қатынастарының жай-жапсарын жеткізді.

Семинарда кәсіби медиатор Рысбек Тайжанов даулы мәселелерді сотқа жеткізбей тараптардың ерікті келісімі бойынша медиациялық жолмен шешудің жолдары жайлы әңгімелеп өтті.

Шара соңында қатысушылар тарапынан туындаған сұрақтарға мамандар тарапынан кәсіби жауаптар берілді. Бір атап өтеріміз, 2013-2014 жылдар аралығында облыстағы кәсіпорындарда әлеуметтік еңбек жанжалдары мен ереуілдер туындау жағдайлары болған жоқ.

Б.ТҰРЛЫҒҰЛОВ.

Өздеріңізге мәлім, 2005 жылы Елбасы Н.Назарбаев Сыр аймағына келгенде алғашқы аялдағанда жері Кіші Арал теңізінің жағасы болатын. Елбасы “Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтау жобасының” негізінде атқарылып жатқан ауқымды істермен егжей-тегжейлі танысып, Кіші Аралға бекіре балығын өз қолымен жіберген еді. Сонда Елбасы: “Мен Аралға көмек көрсетемін деген арманыма жеткеніме қуаныштымын. ...Арал өңіріне жасалып жатқан мұндай қамқорлық еш жерде жоқ екенін ашық мойындауымыз керек. Мемлекет өзінің мүмкіндігі нәтижесінде осындай ірі шараларды жүзеге асыра алды” деген еді. Елбасының осы іс-сапары барысында сол кездегі “Қамыстыбас” балық питомнигінің директоры, бүгінгі облыстық балық шаруашылығы консорциумының төрағасы Әділбек Әйімбетов Президентпен дидарласып, балық шаруашылығына байланысты көп көкейіндегі толғақты сауалдарды ортаға салған болатын. Осыған орай жақында Арал қаласындағы “Арал сервистік дайындау орталығы” жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қарасты балық өңдеу зауытындағы жұмыс бабымен танысып, көшегі Арал мен бүгінгі Аралдың жай-жапсарын жақсы білетін, яғни, балық шаруашылығын қайта қалпына келтіруге бірден-бір үлес қосқан Әділбек ӘЙІМБЕТОВТІ өңгімеге тартқан едік.

– Әдеке, өңгімеңізді кешегі қайтқан теңіздің қарекетінен бастасақ. Ол кезде сіз тікелей аралдықтардың ата кәсіптері – балық шаруашылығымен айналысып, тоқырау жылдарының тоқтағын көрдіңіз ғой.

– Дұрыс айтасыз. Мен 1991 жылдан бастап “Аралбалық өндірістік бірлестігінің” бас директоры қызметінде болсам, бертін келе, яғни, 2000 жылдан “Қамыстыбас” балық питомнигі” республикалық мемлекеттік кәсіпорнының директоры қызметін атқардым. Содан да қайтқан теңізді өз көзіммен көріп, балық шаруашылығының тоқырауға ұшырағанының куәсі болдым. Теңіз жағасы Арал қаласынан 75 шақырым жерге қашықтап, тұзданған теңіздегі балықтар толықтай келмесе кетіп жатты. Ол кезде мен, жоғарыда айтқандай, Аралбалық өндірістік бірлестігінің бас директорымын. Не істеу керек? Содан Қыыр Шығысқа, Мурманскіге ат басын бұрып, жылына 6-7 мың тонна мұхит балығын алуға келісімге келдік. Сол жақтардан келген балықтарды өңдеп, еліміздің түкпір-түкпіріне, оны айтасыз, Ресейге

де жіберіп отырдық. Мөргенсай, Қамыстыбас, Бөген, Қаратерең, Қарашалаң елді мекендеріндегі балықшылар да қарап отыра алмады. Олар Ырғыз, Балқаш, Зайсан, Қапшағай көлдерінің жағасында, айтқандай, Атырауда да алты айлап жатып балық аулады.

Еліміз тәуелсіздігін алғаннан соң Қыыр Шығыстағы мұхиттан келетін балықтарға тоқтам жасалды. Тоқырау жылдары басталған соң жоғарыдағы көл желілері де Арал балықшыларының балық аулауына тыйым салды. Енді не істеу керек? Арал теңізінің тұздылығы көтерілген кезде, яғни, 1975 жылдар Азов теңізінен камбала балығы әкелі-

сергіліс тудырып, балық шаруашылығын қайтадан қалпына келтіре бастады. Солтүстік Арал теңізінің тұздылығы 23-тен 17 граммға дейін төмендеп, су көлемі 15-тен 27 текше шақырымға дейін жетті. Теңізге құйылатын судың көлемі көбейіп, бұрынғы балықтар қайтадан келе бастады. Бұрын жоғалып кеткен балықтың 22 түрі қайта пайда болып, балық аулау көлемі 400 тоннадан 5 мың тоннаға дейін жетті. Жоғарыда айтқандай, Арал қаласынан 75 шақырымға қашықтап кеткен теңіз 17 шақырымға дейін жақындады. Кезінде жұмыссыз қалған балықшылар қайтадан

айтар болсам, Польша еліне 2012 жылы 97,2 тонна, 2013 жылы 48,6 тонна, ал биылғы жылдың осы уақытына дейін 81 тонна филе (жон еті) жіберілді. Тісті балығының бұл өніміне Дания, Германия елдерінен де сұраныс келіп жатыр. Алдағы жылы бұл елдермен де келісім-шартқа отырып, өңделген балық жіберетін боламыз.

“Арал сервистік дайындау орталығы” ЖШС-да 20 адам тұрақты жұмыспен қамтамасыз етіліп отырса, балық аулау маусымы кезінде 50-60 адам жұмысқа тартылады. Жұмысшылардың еңбекақылары ай сайын төленіп отырса, салыққа да қа-

ласынан 17 шақырым қашықтықта жатса, жобаның екінші кезеңі толықтай аяқталғанда ол қалаға бір шақырымдай жерге жетеді.

– Сөз соңында балық шаруашылығына байланысты өзіңіздің ұтымды ұсыныстарыңыз бен ой-пікірлеріңізді боямасыз баян етсеңіз?

– Айтайын. Біріншіден, Үкімет тарапынан балық аулауға балықтардың уылдырық шашуына байланысты 1-мамырдан бастап тоқтам жасалады. Бұл кезде теңіз мұзы кете қоймайды. Содан да ең болмаса мамырдың 15-20-на дейін рұқсат берсе, нұр үстіне нұр жауар еді. Балықтан нәсіп тауып отырған балықшылар ұсы-



нысы осы.

Екінші бір айтпағым, бүгінде балық шаруашылығы мамандары жқтың қасы. Кезінде Астрахань қаласынан білім алушы еді. Бүгінде бұл саланың мамандарын даярлайтын оқу орындары жоқ. Демек, осы бір толғақты сауалға Үкімет тарапынан тұшымды жауап күтеміз.

Тағы бір айтпағым, Үкімет тарапынан тісті балығын көлтеп өсіруге, биологиялық негіздемесін жасауға бары-жоғы 10-15 млн. теңге қаржы қаралса. Өйткені, жоғарыда айтқандай, бұл балық өнімдеріне деген шет елдерден сұраныс өте көп. Сонда балық өңдеу мен оны өткізу жоғары деңгейге жеткізілген болар еді. Сондай-ақ, тауарлық балық өсіру мен өңдеуге субсидия берілсе құба-құл болар еді.

Теңізді сақтау беріміздің парызымыз, оның ғасырлар бойы халқының асыраушысы болғанын ескерсек, біз де оған қарыздармыз дер едім. Сондықтан теңіз алдындағы парыз бен қарызды ұмытпайық.

– Өңгімеңізге рахмет!

Өңгімелескен
Еркін ӨБІП.
Арал қаласы.



Еліміздегі алғашқы «құтыдағы бала» бұл күнде 19 жасқа келді. Алғашқыда денеден тыс ұрықтандыру әдісімен балалы болуға тосырқап қарағанымызбен, бүгінде дәл осы әдіске үміт артып отырған отбасылар саны күннен күнге артып келеді. Бұл заңды да. Өйткені, ерлер мен әйелдер арасындағы бедеулік елімізде жиі кездесетін фактор. Алайда, денеден тыс ұрықтандыруды қарапайым отбасылардың қалтасы көтере бермейтіні тағы бар. Сондықтан да елімізде қазір бұл салаға көөта бөлу мәселесі қолға алыну-да. «Дегенмен, денеден тыс ұрықтандырудың бағасын арзандату жолдарын қарастыру арқылы да мыңдаған отбасыларға көмектесуге болады», – дейді эмбриолог-репродуктолог Салтанат Байқошқарова. 1995 жылы денеден тыс ұрықтандыру әдісін елімізде алғашқы болып енгізген дәрігер ретінде, ол бұл саладағы әлемдік тәжірибені жеті қадағалап, оны қарапайым халық үшін мейлінше қолжетімді етудің жолдарын қарастырып келеді. Осы орайда газет тілшісі “Экомед” орталығының жетекшісі Салтанат Байқошқаровамен сұхбаттасқан еді.

– Салтанат Берденқызы, жалпы, денеден тыс ұрықтандыру қызметінің бағасын төмендетудің жолдары бар ма?

– Өрине, бірнеше жолдарын қарастырып көруге болады. Мәселен, аналық бездерді ынталандыру үшін арзанырақ дәрі-дәрмектер қолдануға болады. Бүгінде гендік инженерия әдісімен дайындалған таза және әсері өте күшті дәрі-

дәрмектер бар және олардың бағасы да едәуір қымбат. Алайда, оларды не-сеп гонадотропинімен алмастыруға болады. Осыдан жиырма жылдай уақыт бұрын қолданылған бұл препарат қазір мүлде өндірмейді екен деп ойлаушы едім. Бірақ, Израилдің ДТҰ мемлекеттік бағдарламасында оны жаппай қолданатынын білгенде қатты таңғалдым.

ДТҰ ӘДІСІН АРЗАНДАТУҒА МҮМКІНДІК БАР

Біз он жылдан бері тығыз қарым-қатынас орнатып келе жатқан израилдік дәрігер профессор Дов Фельдберг те бұл препараттың қазіргі алдыңғы қатарлы дәрі-дәрмектерден ешбір кем түспейтінін айтады. Бұл препарат Израилі гана емес, Ресей мен Араб әмірліктерінде де кеңінен қолданылады. Олай болса, елімізде де бұл препаратты пайдалануға болады, ең бастысы оның бағасы заманауи дәрілерден екі есеге арзан.

– Олай болса, бұл препаратты сіздің орталықта пайдалануға не кедергі және әріптестеріңіз сіздің бұл пікіріңізге қалай қарайды?

– Мен неспен гонадотропині туралы сұрағанда оның елімізде тіркелгенін, яғни қолданылуға болатынын білдім. Алайда, ел аумағына әкелінбейді. Өйткені, фармацевтикалық компаниялардың өзі оны әкелуге мүдделі емес. Тіпті, бүгінде дәрігерлердің өзі де қымбат дәрі-дәрмектермен жұмыс істегенді жөн көреді. Өйткені, олардың әсері күштігі және қолдануға да өте ыңғайлы. Дегенмен, бағасы арзан дәрі-дәрмектің көмегімен, қалтасы жұқа отбасыларға

көмектесуге мүмкіндік туады деп ойлаймын.

– Бұдан өзге, ДТҰ құнын төмендетудің жолдары бар ма?

– Тағы бір әдісі – аналық бездерді аз мөлшерде ынталандыру. Бұл әдісті жапондық профессор Осаму Като ойлап тапқан болатын. Ол ДТҰ әдісін Жапонияда тұңғыш қолданған дәрігер және Токиодағы Kato Ladies Clinic

танған эмбрионды жатыр қуысына салу барысында аса жіңішке инесел қолданылатындықтан, наркоз берілмейді. Наркоз екінің бірінше жағы бермейтіні бар. Сонанмен қатар, ынталандырылған аналық ұрықты алу кезінде әйел адам көк тамырдан қан алдырғандай ғана ауырсынуы мүмкін. Яғни, ДТҰ бағасы наркоз пайдаланылмауы және ең бастысы гормоналды дәрі-дәрмектерді аз

мөлшерде қолдану есебінен арзандайды. Егер, елімізде қолданылатын ДТҰ әдісі кезінде 30-40 ампула дәрі-дәрмек қажет болса, жапондық әйел бойынша 2-3 ампула жеткілікті екен. Қанша ақшаның үнемделетінін өзіңіз есептеп көріңіз.

– Сіз басқаратын орталықта бұл әдіске жүсіне ме?

– 2010 жылдан бері біздің Астана, Алматы қалаларындағы «Эко-мед» клиникаларында бұл әдіс кеңінен қолданылып келеді. Біз аналық безді аз мөлшерде ынталандырудың өзге де әдістерін қолданамыз. Онда ынталандыру үшін, біршама көбірек яғни, 7-8 ампула дәрі-дәрмек қолданылады. Нәтижесі де өте жақсы. 28-30% жағдайда әйелдерге қуаныш сыйлады. Жалпы, әйел агасы оның жан дүниесі секілді, өте нәзік. Сондықтан, әрбір әйелдің жағдайын жеке дара зерттеп, соған сай әдейі әдісін ұсынған жөн. Аналық безді аз мөлшерде ынталандыру бұдан бұрын ДТҰ әдісіне жүгініп нәтиже болмаған, фолликулярлық қоры азайған 35 жастан асқан әйелдерге және көп мөлшердегі дәрі-дәрмекке денсаулығы



жарамайтын әйелдерге қолданылған дұрыс. Сондай-ақ, ДТҰ әдісін арыан бағад байқап көргісі келетін және көп мөлшерде гормоналдык дәрі-дәрмектер қабылдау мен наркозды қаламайтын жақ әйелдерге де бұл әдіс тиімді болар еді. Бұған қоса, денеден тыс ұрықтандыру орталықтары бар қалада тұратын әйелдер үшін, дәрі-дәрмексіз-ақ жүзеге асырылатын табиғи циклдағы ДТҰ әдісіне де жүгінуге болады. Жасы 35-тен аспаған әрбір әйелде бір етеккір циклында 1 фолликул пісіп-жетіледі. Дәрігерлер оны пункция арқылы алып, ұрықтандырады және екінші, үшінші тәулікте эмбрионды ананың жатыр қуысына салады. Осыдан кейін, де жас әйел ана атану бақытына не болуы әбден мүмкін.

Өрине, әр әйелдің денсаулығы әртүрлі. Олардың әрқайсысының денсаулық ерекшеліктерін байланысты жеке

дара әдіс қолданылуы тиіс.

– Ал, шалай ауылдарда тұратын әйелдерге қандай қызмет түрін ұсына аласыздар?

– Мұндай жағдайда олар, ДТҰ орталықтарына келіп, бірнеше апта біршама күрделі ынталандыру әдісіне жүгінугі тиіс. Нәтижесінде алынатын аналық ұрықтың саны да көп болады. 10-20-ға дейін жетеді. Егер, ол әйел бірден аяғы ауыр болып, аналық ұрықтары немесе ұрықтандырылған эмбриондары қалса, оларды сұйық азотта қатырып, сақтап қоюға мүмкіндік бар. Ол әйел бірнеше жылдан кейін, тағы да ана атанғысы келсе, осы, өзінің қатырып қойған аналық ұрықтарын немесе эмбриондарын қайта қолдана алады, яғни шығыны да біршама аз болады.

– Бүгінде елімізде бірнеше ДТҰ орталықтары бар. Мамандар көбіейген сайын, бағасы да арзандауы тиіс секілді?

– Жоқ, елімізде эмбриологтар мен репродуктологтар көп деп айта алмас едім. Базалық оқу орнын бітірген дәрігер немесе биолог мамандарды біз ең аз дегенде тағы бір жыл дайындап, эмбриолог, репродуктолог маман етіп шығарамыз. Ал қазіргі кезде бұл сала үлкен бизнес көзіне айналууда және бизнес өкілдері дайын мамандарды өзіне тартып, сол арқылы пайда табуды көздейді. Өрине, бизнес үшін бұл жақсы, алайда ғылым үшін аса тиімді емес, себебі мұндай бизнес өкілдері осы сала бойынша маман дәрігер немесе биолог болмағандықтан, репродуктология саласының шебері бола алмайды. Бүгінде елімізде бас-аяғы 35-тей эмбриолог маман бар.

– ДТҰ бағдарламасына берілетін мемлекеттік көөта бойынша сіздің орталық қызмет көрсете ме?

– Жоқ, әзірге бізде мұндай мүмкіндік қарастырылмаған.

– ДТҰ әдісіне жүгіну үшін несие рәсімдеуге қалай қарар өзіңіз?

– Қаржы мәселесі ол әр отбасының ішкі мәселесі. Біздің орталықта емделетін кейбір отбасылардың арасында тұтынушы несесін рәсімдегендер кездеседі. Алайда, біздің орталық тарапынан банкетермен ондай келісім-шарт жоқ, яғни, несиеге қызмет көрсету туралы ұсыныс жасамаймыз.

Сонғы кезде болып жатқан экономикалық жағдайларға байланысты Алматы және Астана қалаларындағы «Эко-мед» орталықтарында 2015 жылдың қантар-ақпан айларында бедеулік мәселесі бойынша тегін дәрігерлік кеңестер беріледі. Перзент сүйгісі келетін отбасылар осы мүмкіндікті де жіберіп алмаса екен деймін.

Тағы бір, жаңалық – Алматы қаласындағы біздің Экомед клиникасының 20 жылдығына орай ЭКО бағдарламасына, ОҚО-ның тұрғындарына 2014 жылдың 1 желтоқсанынан бастап 2015 жылдың 1 наурызына дейін жеткіліктер беріледі. Көшілік осыдан хабардар болса екен деймін және мына мекен-жайлар бойынша хабарлауы, көрсетілген телефон нөмірлеріне қоңырау соға алады.

Астана қаласындағы «Экомед» орталығының телефоны: +7 7172 928441; 928442; 517807; 517808, к. Астана; «Экомед+», Сарыарқа ІБ, ecomed_plus@mail.ru

Алматы қаласындағы «Эко-мед» орталығының телефоны: +7 727 2775573; 3759004; 3753969. к. Алматы; Гагарина 78, ecomed_sb@mail.ru, www.ecomed.kz.

– Сұхбатыңызға рахмет. Істіңіз жемісті болсын.

Сұхбаттасқан
Айнұр БАТТАЛОВА.

МЕДИАЦИЯ – ДАУЛАРДЫ РЕТТЕУДІҢ ТИІМДІ ӘДІСІ

Қазақстан Республикасында 2011 жылдың 28 қаңтарында «Медиация туралы» Заңының және «Қазақстан Республикасының медиация туралы туындайтын мәселелер бойынша, кейбір заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңның қабылдануы, еліміздегі құқықтық реформа жасауға бағытталған батыл қадамдардың бірі Баламалы түрде өзара туындаған дауларды шешу тәжірибесінің негізіне, жеке адамға деген құрмет және әр адамның құқығын мойындау, олардың өз мүдделерін қорғап қалу сынды мәселелер кіреді.

Медиация, тараптардың арасында туындаған дауларды реттеп, оларды өзара келісім арқылы бітімгершілікке шақыратын, тараптардың тілкестері мен мүдделерін ескеретін және бірігіп ізденудің арқасында ортақ шешімге келетін тиімді баламалы әдістердің бірі болып табылады.

Бүгінгі күні медиация құрылымы мен үдерісін, соның ішінде оларды еңбек қатынастары саласында құру және пайдалану жөніндегі жұмыстарды қуейтуға қажет» деп атап көрсетті Елбасы.

Кейбір шетелдерде медиация соттың талқылауымен қатар даулар мен дау-шарларды реттеуде қолданылатын ерекше нысан болып табылады. Одан тыс, шетелдерде ол бұрыннан түрлі мемлекеттік құрылымдар мен жеке фирмалар айналысатын елеулі бизнеске айналған. Ең танымалдардың арасында Ұлыбритания, Италия, АҚШ, Франция елдерінің медиация орталықтары бар. Статистика бойынша, медиация арқылы барлық даулардың 40 пайызы өтіп, олардың 85 пайызы он қорытынды берелі екен. Мұндай институт тараптарға азғантай ғана мөлшерде қаржы мен уақыт жұмсап, әріптестік, достық қатынастарын жоғалтпай, әрі өздерінің беделдерін сақтай отыра тығырыққа тіреліп шешімін табуы қиын жағдайлардан шығуға мүмкіндік береді.

Біздің ұлттық заңнамамызда медиация институты «Медиация туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 28 қаңтардағы заңымен реттелген. Заң медиацияны ұйымдастыру саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді, оны жүргізу қағидаттары мен рәсімін, сондай-ақ медиатордың мәртебесін айқындайды. Аталмыш рәсім жеке және (немесе) заңды тұлғалардың қатысуымен болатын азаматтық, еңбек, отбасы және басқа құқық қатынастарынан пайда болатын дауларды өркеніетті әрі жедел жолмен реттеуге мүмкіндік береді.

Бақытжан АБДУАЛИ,
Қызылорда қаласының №2 сотының жетекші маманы.

БАСПАСӨЗ-2015

«НҰР ЖАН» – РУХАНИ БАЙЛЫҒЫҢЫЗ

Қай халықтың болмасын қайнар бұлағы, рухани байлығы мен күш-жігері – оның төл басылымы.Содан да «Ана тілің – арым», «Тіл – ұлттың жаны» дейміз. «Егер менің тілім ертен жоғалсау болса, мен бүгін өлуге даярмын» дей-ау, тау қыраны Рәсул Гамзатов. «Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады» деген Ахмет Байтұрсынов.

Ана тіліміздің шырайын шығаруға қызмет етіп, халықтың көзі, құлағы һәм тілі боп таныла бастаған сыр елінің балауса басылымы – республикалық «Нұр Жан» журналы. «Нұр Жан» журналы жыл он екі ай бойы қазақи қалпынан таймай, байсалды қызымын бұзбай, жел сөзді желілетпейтін өз халқының мұнын мұндап, жоғын жоқтап келеді. Ай сайын тынысы кеңейіп, сөзі салхаланып, беделіне бедері сай боп, жұртшылықтың іздеп жүріп оқитын ұнарағанына айналғанына шүкіршілік дейміз.

Ел экономикасы еселеніп, қалаларымыз базарланып, ауылдарымыз ажар-

ланып келеді. Елбасымыз тапсырмасымен еңбекакы мен зейнетақыға төлемдер қосылып, жұмыс көздері көбейіп келе жатыр.Сөйтіп, кешегі қиыншылықтар ұмыт боп, ел ықыласы рухани қазынаға ауа бастады. Сол рухани игіліктің бірі – «Нұр Жан» журналы. Баршамыз – үлкеніміз бен кішіміз, басшымыз бен қосшымыз, әкіміміз бен ақынымыз болып, қазақ мәдениеті мен қоғамдық пікірінің қара шыңдарқтарының бірі – өзіміздің сүйікті журналымыз «Нұр Жанға» бір кісідей жазылайық! Сан түрлі саладағы жекелеген ұжымдар, жоғары және арнаулы оқу орындары мен емдеу мекемелері, мектептер, белсенділік танытады деп ойлаймыз.

Сыр өңірінің әрбір азаматының үйінде ай сайын шығатын республикалық түрлі-түсті ғылыми-көпшілік, рухани-танымдық «Нұр Жан» журналы әлеуметтік, экономикалық, экологиялық проблемалар мен мәдениет, тарих, тіл мен дін тақырыптары аясын әрлейтін отбасының ажарына айналысн!



Сыр өңірінің айнасы – «Нұр Жан» журналына 2015 жылға бір кісідей жазылайық, ойлы оқырман. Журналға жазылу «Қазпошта» бөлімшелері арқылы әр ай сайын жүргізіледі. Индексі-74215. Жазылу құны алты айға-1500, бір жылға-3000 теңге.

Амангелді СУХАНБЕРЛІЕВ,
Республикалық «Нұр Жан»журналының бас редакторы,
«Денсаулық Сақтау ісінің үздігі.

Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейіне кіріп, ішін аралаған шығарсыз. Болмаса, күйбең тірлікті бір сәтке ысырып қойып, мұражайға барып, асыл жауһарларға назар салып көріңіз. Себебі, сіз мұнда уақыттың қомында қалған Сыр өңірінің ескі күндеріне сапар шегесіз. Ұлылармен тілдесесіз. Қазақстан Республикасы Президенті – Елбасы «Қазақстан-2050» ұзақ мерзімді даму стратегиясында: «Дәстүр мен мәдениет – ұлттың генетикалық коды», – деген еді. Расында, мұражайдан көздің жауын алатын жәдігерлерді көріп, өлкеміздің әлеуеті мен мәдениетіне қанығып, халқыңды, бәлкі өзінді-өзің танығандай әсерге бөленесің. «Ақылды бақырды да бағалайды, ақылсыз алтынды да қаралайды» деген. Тек сол мұраларды сіз бен біз және өскелең ұрпақ ұқыпты қарап, бағалай білсе игі...

ҚАЙРАТКЕР ҚЫЗЫҚҚАН ҚҰНДЫ МҰРА

Біле-білгенге облыстық тарихи-өлкетану музейінде өткеннен қалған белгі көп. Қазір солардың бірлі-жарымына ғана тоқталып, сыр таркатпақпыз. Ол – қазақ ұсталарының қай дәуірде болмасын құндылығын жоғалтпаған дүниелері турасында. Мәселен, музейде қазактың ұлттық үй жиһазының бірегей түрі – асадал сақталған. Асадал қазіргі уақытта музейдің «Этнография» залында орналасқан. Оны Кеңес Одағы тұсындағы музей қызметкерлері құнды жәдігерлер жинақтау экспедициясы кезінде Қазалы өңірінен тауыпты. 1982 жылы музей қорына өткізілген.

Ең алдымен, асадал деген не? Соны айта кеткеніміз жөн. Жалпы, асадал – қазақ халқы үй тұрмысында пайдаланған жиһаздардың бірі. «Ас және адал» деген сөздерден құралған. Асадал негізінен шафтың қызметін атқарған. Онда тамақ және ыдыс-аяқ сақталады. Этнографиялық деректер оның да бірнеше түрі болғанын және түркі халықтары қолданғанын айтақтап отыр. Белгілі этнограф Х.Аргынбаев өзінің еңбегінде асадалдың ең көнесі қазіргі тумбочка тәрізді жасалғанын, екінші түрінің ені мен биіктігі шамалас екенін жазады. Ал үшінші түрінің биіктігі кебежедей ғана болған. Ал төртінші түрі буфет тәрізді. Қазіргі уақытта облыстық өлкетану музейі қорында асадалдың тумбочка және буфет тәрізді түрлері бар.

Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейінің бөлім меңгерушісі, тарихшы Асхат Қожакемелдіұлының айтуынша, мұражайдағы буфет етіп жасалған асадал қазіргі уақытта елімізде сақталған басқа түрлеріне мүлдем ұқсамайды және өзіндік пішінімен ерекшеленеді. Үй жиһазының екі ашпалы есігі бар. Ең үстінгі ашық бөлігіндегі ою-өрнектер назар аудар-п а й



қоймайды. Мандай бетіндегі гүл бейнелі оюлар және қаз мойын тәрізлес өрнектердің ренкі, нақышы өзара үйлесім тапқан.

Асадалдың авторына келсек, XX ғасырдың I жартысында Арал-Қазалы өңіріне танымал болған Әжімбет Қарайғыров деген ағаш ұстасы. Ол 1888 жылы дүниеге келген. 1937 жылы сталиндік зұлматтың құрбаны болған. Ал 1953 жылы қайта ақталған екен. Тарихшы Асхат Қожакемелдіұлының айтуынша, Әжімбет

Қарайғыровтың асдалы Қазақ ССР-нің Мәдениет министрі Әзбекәлі Жәнібековтің қызығушылығын тудырған. Ол мұражайға келіп, жәдігерлермен танысады. Сонда осы асадал оның көзіне оттай басылыпты.

– Әзбекәлі ағамыз жарты сағаттай жиһазға үңіліп, бір сырга қаныққандай таңдай қағды. Мұражай қызметкерлеріне қарап, асадал бетіндегі ою-өрнектердің «сөйлеп» тұрғанын жеткізеді. Сөйтіп, оған алғаш рет «ағаш ұстасы Әжімбет өз өмірінің баянын асadalға сыйдырған» деген баға береді. Сонымен бірге, мұндай асadalдың қазақ даласында өте сирек кездесетінін айтқан. Өкініштісі сол, асadalдың сипаттамасы қағаз бетіне түспеген. Осының өзі Әжімбет ұстанның қолынан шыққан

ЖАС АҚЫНДАР МҮШӘЙРАСЫ

Ә.Тәжібаев атындағы облыстық кітапханада жас ақындардың облыстық мүшәйрасы болып өтті. Қазақстан Жазушылар одағының Қызылорда облыстық филиалы ұйымдастырған бұл шараға 14-24 жас аралығындағы отыздан астам жас ақын қатысып, өз өлеңдерін оқыды. Мұның алдында аудандық, қалалық мүшәйраларда жыр байгесінің жеңімпаздары атанған жас ақындар шабыттана жырлады.

Мүшәйраның қорытындысы шығарылып, қазылар алқасының төрағасы, Қазақстан Жазушылар одағы басқармасы төрағасының орынбасары, ақын Жанарбек Өшімжан жүлделерлерге дипломдар мен сыйлықтар тапсырды. Сонымен мүшәйраның бірінші орнын қазалылық Дина Бөкебай, екінші орынды шиелілік Айғаным Құрмашова, үшінші орынды аралдық Рауза Әзілханова иеленді. Мұнан басқа жеңімпаздарға Ә.Тәжібаев, А.Токмағамбетов, С.Боранбаев, Қ.Сүйе-нішев, А.Кіребәев, Т.Сарыбаев атындағы арнайы жүлделер тапсырылды. Мүшәйраға қатысушылардың бірі дипломдармен және ақшалай сыйлықтармен марапатталды.

Қазақстан Жазушылар одағы облыстық филиалының жетекшісі, ақын Қаршыға Есімсейітова мүшәйраны қаржыландырған “Ігілік” қоры басшыларына алғысын білдірді.

Ж.БАЛАБАЙҚЫЗЫ.

Менің ісесі:

Сыр медиа

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР

Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

☎ қабылдау бөлмесі
тел/факс 70-00-36

БАС РЕДАКТОР

Жұматәли ӘБДІРАМАН

☎ қабылдау бөлмесі 40-02-17

Бас редактордың орынбасары 70-00-43

Жауапты хатшы 70-00-81

бөлімдер:

руханият және апарат - 70-00-64, 70-00-73

экономика - 70-00-41, 70-00-68

әлеумет және саясат - 70-00-41

жарнама - 70-00-49, 70-00-52

есеп-хисап - 70-00-39, 70-00-38

заңгер - 70-00-42

компьютер орталығы - 70-00-34

корректор бөлімі

меншікті тілшілер:

Арал, Қазалы:

Жұмабек Табынбаев - 8724 32 2-34-07

Шиелі, Жаңақорған:

Нұрмахан Елтай - 8724 32 4-59-51

e-mail: syrboy@mail.ru
site: www.syrboyi.kz

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және апарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеткен.

Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Авторларға қалалық тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделмей және қайтарылмайды.

Жариялылар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. *АҚ-ақшаны қызмет.

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, "Сыр медиа" ЖШС өз баспаханасында басылады. Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс көшесі, н/ж

Газеттің таралымына "Қазпошта" - 23-54-51, "Евразия-Пресс" - 27-62-84 жауапты.

Редакция мекен-жайы:
Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс көшесі, н/ж

Таралымы 21804

Тапсырыс № 1150

Электронды оқылым 28000.